



«Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет. Оның бел ортасында әкімшілік ресурстарға иек артпай, кәсіпкерлік таланты мен еңбекқорлығының арқасында кәсібін табысты жүргізе алған бизнесмендер болуға тиіс. Мұндай адамдар әр өңірде бар. Оларға өз ісін дамытуға мүмкіндік беріп, шын мәнінде көмектесу маңызды».

*VIII сайланған ҚР Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінен.
2023 жылғы 29 наурыз.*

«Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс. Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Ал кәсіпкерлер шағымданушы немесе қолдауға мұқтаж рөлінде көрінбей, мемлекеттік аппараттың теңқұқылы серіктесіне айналуға тиіс».

*Еліміздің бизнес-қоғамдастығының өкілдерімен кездесуде сөйлеген сөзінен.
2023 жылғы 12 қыркүйек.*



МАЗМҰНЫ

- 4 Алғысөз
- 6 Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) институтының құрылу және даму тарихы
- 9 Бизнес-омбудсмен аппараты
- 16 «Атамекен» ҰКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес
- 21 Мемлекет басшысымен кездесулер
- 29 Өтініштермен жұмыс
- 32 Жүйелі проблемаларды анықтау және шешу
- 35 Өңірлер
- 36 Өңірлердегі кездесулер
- 41 Бизнеске қылмыстық-құқықтық қысымды төмендету бойынша жұмыс
- 45 Төрелік және медиация
- 47 Кедендік әкімшілендіру
- 48 Салықтық әкімшілендіру
- 49 Құқықтық саясат тұжырымдамасы
- 57 Негізгі заң жобалары бойынша жұмыс
- 59 Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас
- 66 Халықаралық ынтымақтастық
- 77 2020-2023 жылдар аралығында шешілген жүйелі проблемалардың ТОП-25
- 84 Бизнес-омбудсмен жобалары
- 92 Бизнес-омбудсмен бұқаралық ақпарат құралдарында
- 95 Жетістіктер тарихы



Р. М. Жүрсінов
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл

Бизнес-омбудсменнің басты міндеттерінің бірі кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау болып табылады, қолайлы бизнес-ахуал қалыптастыру үшін бизнес-омбудсмен Үкіметпен, бизнес-қауымдастықпен және мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Мен 2020 жылы ақпан айында осы лауазымға тағайындала салысымен, COVID-19 пандемиясымен байланысты сын-қатермен бетпе-бет келдім және келісімшарттық міндеттемелерді орындау, жұмыс істеуге рұқсат беру, рұқсат қағаздары, коммуналдық қызмет, салық және әлеуметтік төлем сияқты экономикалық мәселелерді шешу үшін белсенді жұмыс атқардым.

Төтенше жағдай енгізілгеннен кейін Үкіметке, Бас прокуратураға, Жоғарғы Сотқа, ІІМ-ге, Денсаулық сақтау министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға 50-ден астам бастамашыл хат жібердік, бұл бизнестің өзекті мәселелерін жедел шешуге ықпал етті.

Төтенше жағдай кезінде форс-мажорлық жағдай туындағаны туралы куәлік беруге 6 970 өтінім келіп түсті, оның 6 121-іне куәлік берілді. Сот дауларының алдын алу және іскерлік айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайды форс-мажор деп тану мәселесі барлық деңгейде көтерілді. Нәтижесінде, 2020 жылғы 3 шілдеде Азаматтық кодекстің 359-бабына төтенше жағдайды форс-мажор ретінде тануды бекітетін түзету енгізілді.

Мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларына ауқымды тексеру жүргізілді, нәтижесінде бақылау функцияларының саны 544-тен 165-ке азайды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың функцияларының қайталануын және қысқаруын болдырмау үшін бақылау

жүйесінен 23 сала және қадағалау жүйесінен 3 сала алынып тасталды. Бұл реформаның нәтижесінде әкімшілік кедергілер саны азайды, бұл шағымдардың 30% төмендеуіне әкелді. Бизнеске қатысты сотқа дейінгі тергеулер саны бес есе қысқарды.

2020 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы бизнес қызметінің жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеуді, «таза парақтан» реттеуді енгізуді тапсырды. Осы тапсырманы орындау үшін біз Ұлттық экономика министрлігімен, тартылған отандық және шетелдік сарапшылармен бірлесіп, базалық тәсілдерді әзірледік, тиісті заң жобасын дайындадық.

2021 жылғы 30 желтоқсанда кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеуші саясат мәселелері бойынша тиісті заң қабылданды.

2021 жылдан 2023 жылға дейін барлық нормалар мен ережелер қайта қаралды. Үкіметпен бірлесіп, бизнеске қойылатын міндетті талаптарды қоса алғанда, реттеудің 44 саласында 2 823 нормативтік актіге талдау жасалды. 128 мыңнан астам талап анықталды, оның 10 мыңы (8%) жаңа реттеуші саясаттың негізгі қағидаттарына сәйкес келмейді.

Қаңтар айындағы жаппай тәртіпсіздік нәтижесінде 9 өңірде 1846 кәсіпкер мен 2251 бизнес нысаны зардап шекті, жалпы шығын 98 млрд теңгеден асады. Ең көп шығын Алматыда тіркелді. Біздің бастамамыз бойынша Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігі басқа өңірлерден 88 тергеуші мен криминалист жіберді, Алматыдан 50 прокурор тартылды. Барлық зардап шеккендерге тиімді және уақтылы өтемақы төленді.

Президент кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін үнемі бақылауда ұстайды. Мысалы, Мемлекет басшысы Бас прокуратураға, Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және Бизнес-омбудсменге шұғыл түрде қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ажырату тетіктерін әзірлеуді тапсырды.

2023 жылғы 12 қыркүйекте бизнес-қоғамдастықпен кездесуде Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігіне Бас прокуратурамен және Бизнес-омбудсменмен бірлесіп, бір ай мерзімде инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу мен ізгілендіруді қоса алғанда, экономикалық қылмыстарды қылмыссыздандыру бойынша жұмыс жүргізілді. 29 экономикалық құқық бұзушылық үшін қамауға алуға тыйым салынып, залал толық өтелген жағдайда 10 бап бойынша қылмыстық қудалау тоқтатылатын болды. Кәсіпкерлердің құқығын қорғау үшін түзетулер әзірленіп, заң жобасына енгізілді.

Қазіргі уақытта 2025 жылғы 1 қаңтарда күшіне енетін жаңа Салық кодексін әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біз әкімшілендіруді жақсарту арқылы, әсіресе ҚҚС әкімшілендіру бөлігінде салық түсімдерін ұлғайтудың айтарлықтай әлеуетін көріп отырмыз.

Сондай-ақ біз 2030 жылға дейін Кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын дайындауға белсене атсалыстық, бизнесті бөлшектеу, қолдау шараларын түзету, ӨРҰ және т.б. бойынша ұсыныстарымыз қабылданды.

Бүгінгі таңда бизнес мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге белсенді қатысады және сындарлы ұсыныстар ұсынады. Мемлекет басшысының қолдауының арқасында Бизнес-омбудсмен институтының жұмысын қоса алғанда, Қазақстан бизнесті дамыту үшін жағдайды жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Толығырақ ақпарат есепте көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (БИЗНЕС- ОМБУДСМЕН) ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

2014 жылғы 29 желтоқсан

Бизнесті түбегейлі жақсарту туралы заң қабылданды
Бизнес-омбудсмен институты енгізілді.

2016 жылғы 19 ақпан

Мемлекет басшысының №59 өкімімен Б.Ә. Палымбетов Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі алғашқы уәкіл болып тағайындалды.

2013 жылғы 4 шілде

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы заң қабылданды

Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құрудың мақсаты - кәсіпкерліктің өсуі мен одан әрі дамуы үшін институционалдық негізді қалыптастыру.

2014 жылғы 27 ақпан

Президенттің «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды

Үкіметке Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтын енгізу тапсырылды.

2015 жылғы 20 мамыр

Ұлт жоспары қабылданды
54-қадам - Кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту.

2016 жылғы 1 қаңтар

Кәсіпкерлік кодекс қолданысқа енгізілді
Кәсіпкерлік кодекстің 28-тарауында бизнес-омбудсменнің құқықтық мәртебесі толық қамтылған.

2016 жылғы 14 наурыз

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының базасында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің аппараты құрылды.

2020 жылғы 24 ақпан

Мемлекет басшысының №92 өкімімен Р.М. Жүрсінов Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл болып тағайындалды.

Өкілеттік

Уәкіл лауазымға Мемлекет басшысының өкімімен тағайындалады және тек Президентке есеп береді.

Ешкімнің Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге Кәсіпкерлік кодексте көзделмеген функцияларды жүктеуге құқығы жоқ. Оның қызметіне қандай да бір заңсыз араласуға жол берілмейді.

Өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде (4 жыл) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл саяси қызметпен айналысуға құқылы емес, сондықтан саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердегі мүшелігін тоқтата тұрады.

Бизнес-омбудсмен:

- мемлекеттік органдарға кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша ұсыныстар енгізуге; сондай-ақ заңға қосымша нормативтік құқықтық актілерді тоқтату туралы ұсыныстар жасауға;
- мемлекеттік органдарға (лауазымды тұлғаға) солардың әрекетінен (әрекетсіздігінен) құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келген кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын орнына келтіру туралы ұсыныстар жіберуге, соның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келуіне кінәлі тұлғаларды жауапқа тартуға;
- мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда, прокуратура органдарына кәсіпкердің нұқсан келген құқықтарын қайта қалпына келтіру мақсатында өтінішхат жібере алады;
- заңмен қорғалатын мемлекеттік, коммерциялық, банктік және басқа да құпия саналатын мәліметтерді санамағанда, мемлекеттік органдардан (лауазымды тұлғалардан) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты ақпараттарды, құжаттар мен материалдарды сұратуға;
- бизнес-қауымдастықтың атынан сотқа арыз беруге;
- кәсіпкерлік субъектілерінің нұқсан келген құқықтары мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіруге бағытталған басқа да шараларды қолдануға құқылы.

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН АППАРАТЫ

Елімізде кәсіпкерлердің мүддесін қорғаудың тармақталған жүйесі құрылды. Бизнес-омбудсмен аппараты Қазақстанның өңірлерінде бизнес-қоғамдастықтың құқығы мен заңды мүддесін қорғау бойынша дәйекті жұмыс жүргізетін сарапшылар желісімен ұсынылған.

Бизнес-омбудсмен аппаратының құрылымы:


Орталық аппарат, орталық аппаратта аппарат басшысы, аппарат басшысының екі орынбасары, Кәсіпкерлер құқығын қорғау департаменті, Бизнес-реттеу департаменті жұмыс істейді.

Өңірлерде 20 сектор бар, өңірлік кәсіпкерлер палаталары директорларының құқықтық қолдау мәселелері жөніндегі орынбасарлары мен Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және Әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі бөлімдер белсенді жұмыс істейді.

Бұл процеске еліміздің әр өңірінде ұсынылған Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңестері де қатысады. Кеңесте бизнес-қауымдастықтардың алдында тұрған ең өзекті мәселелер талқыланады, сондай-ақ кәсіпкерлер құқығының бұзылу фактілері анықталады.

Бизнесті қорғаумен айналысатын сарапшылардың жалпы саны 300-ден асады. Болашақта бұл жүйеге авторлық құқық, салық заңнамасы, еңбек заңнамасы және басқа да көптеген нақты бір салаларда мамандандырылған адвокаттарды, заң кеңесшілерін және Бизнес-омбудсмен кеңсесінің өзге де қоғамдық өкілдерін қосу жоспарланып отыр.

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ



БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ

Е.Л. ӨСТЕМІРОВ
Аппарат басшысы,
«Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма
мүшесі



А.С. ӘУБӘКІРОВА
Аппарат басшысының
орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП Бизнес-
реттеу департаментінің
директоры



А.Е. ҚҰСАЙЫНОВ
Аппарат басшысының
орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП
Кәсіпкерлер құқығын қорғау
департаментінің директоры



Т.Н. ЕРГЕШБАЙ
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкіл хатшылығының
меңгерушісі



Е.С. НИКИТИНСКАЯ
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкілдің кеңесшісі



С.Б. ХҰСАЙЫНОВА
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкілдің баспасөз хатшысы

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ АСТАНАДАҒЫ, ОБЛЫСТАРДАҒЫ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДАҒЫ КЕҢСЕЛЕРІ



И.Б. МЫРЗЕКЕНОВ

Алматы облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
qonaev@atameken.kz



М.М. ҚАНЫБЕКОВ

Алматы қаласы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
almaty@atameken.kz



Ж.А. ҚАЗИЕВ

СҚО бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
petropavl@atameken.kz



Р.Б. ДАВЛЕТПАЕВ

Қостанай облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
kostanay@atameken.kz



Р.Б. КҮЙШИНОВ

Ақтөбе облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
aktobe@atameken.kz



Ж.Б. ШАЖАНБАЕВ

Астана қаласы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
astana@atameken.kz



Н.Р. МАМАРАЕВ

Абай облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
abal@atameken.kz



С.А. ҚҰЛМАХАН

Қызылорда облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
kyzylorda@atameken.kz



З.Т. ӘМІРОВА

Түркістан облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
turkestanrpp@atameken.kz



А.Т. АСҚАРОВ

Қарағанды облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
karaganda@atameken.kz



С.Қ. ЖОЛДЫБАЕВ
Атырау облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
atyrau@atameken.kz



С.М. ӘУБӘКІРОВ
Павлодар облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
pavlodar@atameken.kz



С.С. ӘМІРОВ
Маңғыстау облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
aktau@atameken.kz




Д.Ж. КЕРІМБАЕВ
Жетісу облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
zhetysu@atameken.kz



Ә.О. МҰҚАШЕВА
ШҚО бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
oskemen@atameken.kz



Р.Е. СЫЗДЫҚОВ
Ақмола облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
kokshetau@atameken.kz



С.Р. ХИСАМЕТДИНОВА
БҚО бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
uralsk@atameken.kz



М.Е. ИСАЕВА
Шымкент қаласы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
shymkent@atameken.kz



Н.Б. ЕРГЕБАЕВ
Жамбыл облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
zhambyl@atameken.kz



Ғ.Ж. СҮТБАЕВ
Ұлытау облысы бойынша
Бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі
ulytau@atameken.kz

Пайымы

Қолайлы бизнес-ахуал құруға, әрбір кәсіпкер өзін қауіпсіздікте сезінетіндей жағдай қалыптастыруға белсенді қатысу.

Миссиясы

Заңнамада көзделген шараларды қабылдау арқылы кәсіпкерлерге өз құқығын қорғауда жан-жақты көмек көрсету.

Мақсаты

Мемлекеттік органдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін ұсыну, қамтамасыз ету және қорғау, сонымен қатар кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүддесін қорғау.

Үлесі

Қазақстан Үкіметі мен мемлекеттік институттарға қолайлы бизнес-ахуалды қамтамасыз етуде жан-жақты жәрдем көрсету Бизнес-омбудсменнің кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі болып табылады.

Қоғамдық мониторинг, мемлекеттік органдардың қызметін талдау, рейтингтер жасау және өнімдерді енгізу арқылы бизнес-омбудсмен кеңсесі бұзушылықтар мен әкімшілік кедергілерді анықтайды. Түрлі алаңдарда бірлескен талқылаулар арқылы мемлекеттік органдармен сындарлы диалог құра отырып, біз кәсіпкерлердің мүддесін қорғаймыз, лауазымды адамдар нақты бұзушылықтарға жол берген болса, кәсіпкерлердің құқығына жүйелі түрде қысым жасалса, ашып көрсетеміз, дауларды шешудің заңды нұсқаларын ұсынамыз.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер өндірілетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және орындалатын жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін мемлекет пен тұтынушылар алдындағы қарсы міндеттемелерді орындауы үшін жағдай жасауға жәрдемдесеміз.

Жұмыстың стратегиялық бағыттары:

- Қолайлы бизнес-ахуалды құруға келесі міндеттерді орындау ықпал етеді:
- бизнес үшін түсінікті және әділ ойын ережелерін қалыптастыру;
- бизнесті жедел және уақтылы қорғау.

Операциялық қызмет

Ағымдағы бағыттар:

- кәсіпкерлердің өтініштері
- кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер
- жүйелік мәселелер
- НҚА жобаларын сараптау
- төрелік және медиация
- мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас
- жұртшылықты ақпараттандыру

Өнімдер:

- кәсіпкерлер проблемаларының тізілімі
- сатып алулардың бірыңғай терезесі
- бизнес-тізілім
- «таза парақтан» реттеу / бизнеске қойылатын міндетті талаптар тізілімі
- сыбайлас жемқорлыққа арнайы шолу
- сот жүйесіндегі жасанды интеллект
- шарттар мен талап-арыздар конструкторы
- бизнестің міндеттемелері / корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттары
- нормативтік құқықтық актілерге түсініктемелер

Перспективалық бағыттар:

- инвестициялық даулар
- мемлекеттік аппараттың клиентке бағдарлануы
- бизнестің қылмыстық процеске тартылуын төмендету



Қ.Ш. СҮЛЕЙМЕНОВ

«Атамекен» ҚР ҰКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрағасы



Г.Н. ЖМУК

Қарағанды облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 14)



А.Т. ЖАЗЫҚПАЕВА

Алматы облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 14)



В.С. ГЕРАЩЕНКО

Ақмола облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 12)



К.Х. ҚАПАНОВ

БҚО бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 14)



Ю.Д. ТІЛЕУМҰРАТОВ

Алматы қаласы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)



И.З. ҚУАНОВА

СҚО бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 6)



А.А. СҮТТІБАЕВ

Абай облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)



Н.У. ЖАРБАСОВ

Атырау облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 7)



У.Е. ҚОЗЫБАҚОВ

Ақтөбе облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 13)



К.Д. ОСПАНОВ

Жамбыл облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС



М.Д. СЕЙІТЖАНОВ
Шымкент қаласы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 14)



В.М. ШАКУН
Қостанай облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)



Н.А. НӘБИЕВ
Павлодар облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 12)



Б.Д. ФАЙЗУЛЛИН
Жетісу облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)



А.З. ЖАНАЕВ
Маңғыстау облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 15)



И.К. ЕЛЕКЕЕВ
Астана қаласы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 16)



И.В. ШАЦКИЙ
ШҚО бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 7)



О.А. ҚАБІШТАЕВ
Түркістан облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 14)



Б.Ж. НҰРҚОЖАЕВ
Қызылорда облысы бойынша Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшесі 12)

Бизнес-омбудсмен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің отырыстарына үнемі қатысады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі міндеттерді жедел және жүйелі шешу, сондай-ақ оларды ашық түрде жариялау мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер жүйесі жұмыс істейді.

Бұл - бизнес пен мемлекеттің арасында диалог құрылатын алаң. Оның қызметі консультативтік-кеңесші орган ретінде «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңмен реттелген.

Кеңестер, ең алдымен, қорғауға қажетті экономикалық және заңдық мүмкіндіктері жоқ шағын және орта бизнесті қорғауға бағытталған. Бір жылда қарастырылған мәселелердің шамамен 85%-ы шағын кәсіпкерлікпен байланысты болады.

2020-2023 жылдар аралығында ҰКП және ӨКП кеңестері 671 отырыс өткізді, 1519 мәселені қарады, 3182 ұсыным енгізді, оның 2488-і қолдау тапты. Кеңестердің ұсынымдары бойынша 249 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Республикалық кеңесті белгілі саяси қайраткер Сүлейменов Қайырбек Шошанұлы басқарады. Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары, Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының орынбасары, Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі, Ішкі істер министрінің орынбасары, Бас прокуратура қызметінің басшысы, Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткерлері, бизнес қауымдастықтар мен БАҚ өкілдері кіреді.



КЕҢЕСТІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ:

Кеңес кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау үшін, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі міндеттерді жедел және жүйелі шешу, сондай-ақ оларды жария ету үшін құрылған.

Кеңестердің жұмысы кәсіпкерлердің құқығының бұзылуына жедел және жүйелі ден қоюға, сондай-ақ проблемалық мәселелерді ашық түрде жариялауға бағытталған.

Ай сайынғы отырыстарда Кеңес мүшелері кәсіпкерлер мен уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының қатысуымен бизнес субъектілерінің заңды мүддесіне нұқсан келтірумен байланысты нақты жағдайларды шешу жолдарын талқылайды. Бизнес-қоғамдастық өкілдері шенеуніктерге тікелей жүгінуге, өз проблемалары бойынша нақты сұрақтар қоюға мүмкіндік алады.

2023 жылы республикалық кеңес 11 отырыс өткізді, 12 мәселе қарады, мемлекеттік және мүдделі органдарға 105 ұсыныс енгізді, қазіргі уақытта оның 52-сі немесе 49%-ы қолдау тапты, ал кейбіреуі әлі де қаралуда.

2023 жылы Алматы, Астана қалаларында кәсіпорындарды банкрот деп тану және қаржылық сауықтыру рәсімдерін жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану, салықтық әкімшілендіру, мемлекеттік сатып алу, медициналық бұйымдарды жеткізу, сауда салаларындағы кәсіпкерлік қызметті шектеу себептері қаралды.

ӨҢІРЛІК КЕҢЕСТЕР

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың Кәсіпкерлер палаталарындағы Өңірлік кеңестерді осы аумақтық бірліктердің беделді өкілдері басқарады. Өңірлік кеңестердің құрамына облыс әкімдерінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, облыс прокурорларының орынбасарлары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Мемлекеттік кірістер департаменті басшыларының орынбасарлары, адвокаттар, бизнес-қоғамдастық және БАҚ өкілдері кіреді.


2023 жылы Өңірлік кәсіпкерлер палаталарының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестері 228 отырыс өткізді, 445 мәселені қарады.

Жұмыста бизнесті толғандыратын проблемалық мәселелерді шешуге баса назар аударылды. Атап айтқанда: шарттық міндеттемелерді орындауды

бұзу, жалдау және коммуналдық төлемдерді кейінге қалдыру, санитарлық нұсқамаларды бұзғаны үшін бизнес субъектілеріне қатысты қолданылатын жазаны жеңілдету, кедендік әкімшілендіру және салық салу саласындағы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік және табиғи монополиялар, рұқсаттар мен хабарламалар, көлік, агроөнеркәсіптік кешен және өзге де салалардағы проблемалармен байланысты мәселелер,

Өңірлік кеңестер мемлекеттік органдар мен ұйымдарға 1067 ұсыным енгізді, оның 933-і (87,40%) қолдау тапты. Енгізілген ұсынымдардың 41-і кәсіпкерлердің құқықтарын бұзатын лауазымды тұлғаларды жауапқа тартумен байланысты, олардың 42-сі қолдау тапты.

ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН ҰСЫНЫМДАРДЫҢ ДИНАМИКАДАҒЫ ҮЛЕСІ:



КЕҢЕСТЕР БОЙЫНША ДИНАМИКА



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

Кәсіпкерлік кодекске сәйкес Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл жыл сайын Қазақстан Республикасының Президентіне өз қызметі туралы есеп береді, ол бұқаралық ақпарат құралдарында да жарияланады.

Бизнес-омбудсменнің кәсіпкерлердің құқығын қорғау бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы баяндамасын тыңдау қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы кәсіпкерлердің құқығын қорғау саласындағы саясаттың басым бағыттарын айқындайды.

Президентке есеп беретін бизнес-омбудсмен институты билік пен кәсіпкерлік қоғамдастықтың жоғары эшелондарының тікелей диалогының кепілі болып табылады. Өз кезегінде, аталған факт кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру векторын айқындаудың дәлдігіне тікелей әсер етеді.

Президент кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін үнемі бақылауда ұстайды. Ал бизнес Президенттің қолдауын сезінеді.

Президенттің арқасында бизнеске бұрын-соңды болмаған қолдау шаралары көрсетілді, соның ішінде салықтық жеңілдіктер, несиелік демалыстар және мемлекеттік мүлікті жалға алу кезінде жалдау ақысын төлеуден босату, банкроттық рәсімдері тоқтатылды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

2023 жылғы 12 қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесуі өтті.

Кездесуде Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды іске асыруға баса назар аударды. Ол атап өткендей, қылмысқа, оның ішінде экономикалық сипаттағы қылмысқа қарсы күрес тек қана заң аясында жүргізілуі керек. Мұндай асыра сілтеушілік мемлекеттің мүддесіне ғана қайшы келмейді, сонымен қатар Қазақстанның абырой-беделіне нұқсан келтіріп, Президенттің бастамаларына халықтың сенімін азайтады. Сондықтан қадағалаудың теңгерімді механизмін қалыптастыру қажет.

– Мемлекеттік аппарат әрбір бизнесменге заң бұзушы ретінде қарамауы керек. Мұндай ұстаным, түптеп келгенде, басқарудың репрессивті сипатына алып келеді. Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Мұны ерекше атап өткім келеді: кәсіпкерлерге көмектесу керек. Ал кәсіпкерлер шағымданушы немесе қолдауға мұқтаж рөлінде көрінбей, мемлекеттік аппараттың теңқұқылы серіктесіне айналуға тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігіне Бас прокуратурамен және Бизнес-омбудсменмен бірлесіп, бір ай мерзімде тиісті ұсыныстар енгізуді тапсырды.



2023 жылғы 29 қыркүйекте бизнес-омбудсмен аппараты инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша отырыс ұйымдастырды, жобаларды сүйемелдеу бойынша жауапкершілік прокуратура қызметкерлеріне жүктелді. Іс-шараға Бас Прокурордың орынбасары Жандос Өміралиев, аудит және консалтингтегі әлемдік көшбасшылардың, халықаралық заң фирмаларының өкілдері, сондай-ақ ірі бизнес өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында прокуратура маңызды инвестициялық жобаларды сүйемелдеу бойынша қадамдар жасап жатқанын атап өту керек. «Жасыл дәліз» инвесторларын қолдау жүйесі құрылды, цифрлық трансформациялау және бірыңғай цифрлық инвестициялық платформа құру шаралары ұсынылды. Бұл бастамалар процестерді жеделдетуге, жобаларды іске қосу шарттарын жақсартуға және әкімшілік кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Бизнес-қоғамдастық инвесторларды неғұрлым күшті құқықтық қорғау және олардың құқығының бұзылуымен күресу туралы ұсыныстарды қолдайды. Осы тұрғыда, негізсіз сот даулары мен әкімшілік қудалаудың алдын алуға арналған нормативтік актілерге өзгерістер енгізу ұсынылады.

Бас Прокурордың орынбасары оң нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмысты жеделдету қажеттігін атап өтті. Бизнес-омбудсмен аппараты инвестициялық жобаларды табысты сүйемелдеу мақсатында прокуратурамен тығыз ынтымақтастыққа дайын екендігін білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Мемлекет басшысы азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ететін дербес кассациялық инстанция құруды тапсырды. 2023 жылғы 16 қазанда Асламбек Мерғалиевтің төрағалығымен

өткен Жоғарғы Сотта өткен кеңесте біз әкімшілік әділетті кеңейту мәселелерін талқыладық. Кеңеске қатысушылар кассациялық соттар құру идеясын бірауыздан қолдады, олар бұл сот ісін жүргізуді жетілдірудегі және барлық азаматтар үшін әділеттілікті қамтамасыз етудегі маңызды қадам деген пікірде. Мұндай инстанцияны құру апелляциялық істерді мұқият және жан-жақты қарауға ықпал етеді, азаматтардың әділеттілікке деген сенімін арттырады және әділ шешім шығарылады деген үміт сыйлайды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨКІЛДЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

2023 жылғы 29 тамызда Конституция күні қарсаңында Президент арнаулы мандатқа ие омбудсмендермен және құқық қорғау құрылымдарының өкілдерімен кездесу өткізді.

Президенттің айтуынша, Ата заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекетті басқару моделін жаңғыртуға негіз болды. Конституциялық реформа барысында құқық қорғау саласына баса мән берілді.



Президент азаматтар мен омбудсмендер арасындағы өзара қарым-қатынасты күшейтуге мүдделілік білдірді.

«Әкімшілік әділетті енгізудің нәтижесінде бүгінде мемлекеттік органдармен арадағы сот дауларында шешімдердің үштен екісі азаматтар мен бизнестің пайдасына қабылданады. Алайда мемлекеттік органдар бұдан тиісті қорытынды жасамайды, олқылықтарды түзетуге тырыспайды. Олар өз деңгейінде шешім қабылдап, сотқа жеткізбеуге болатын істердің үлесі әлі де көп», - деді Мемлекет басшысы.

Ол Үкіметке Бизнес-омбудсменмен бірлесіп, алдын алу шараларын қабылдау мәселесін пысықтауды және бұл көрсеткішті мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау шарттарына енгізуді тапсырды.

Президент атап өткендей, азаматтардың сот шешімдеріне, қадағалау және құқық қорғау органдарының қызметіне арыз-шағымы көбейген. Келіп түскен арыздардың сараптамасы соттың, полицияның және прокуратураның қызметіне қатысты шағым өте көп екенін көрсетеді.

«Уәкілдердің жұмысына ешкім кедергі келтірмеуі керек. Прокуратура, Үкімет және әкімдер бұл мәселені күн тәртібінен алу үшін оларға барынша қолдау көрсетуге тиіс», - деді Мемлекет басшысы.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жолға қойылған уәкілдер жүйесі өзіне жүктелген міндетті толық орындауға тиіс екенін атап өтті. Аталған бағыттағы қызмет – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІ ҚАБЫЛДАДЫ

2023 жылғы 8 ақпанда Мемлекет басшысына атқарылған жұмыстар мен отандық бизнесті одан әрі қолдау және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Бизнес-омбудсмен Президентке 2022 жылы 4408 өтініш келіп түскенін, оның 1530-ы (34%) оң шешімін тапқанын және 1030 (23%) өтініш бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты, еліміздің барлық өңірінде кәсіпкерлермен кездесу өткізген.

Сонымен қатар Президентке кәсіпкерлік қызмет саласына жаңа реттеуші саясатты енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің есебін қабылдап, бизнеске қатысты әкімшілік кедергілерді анықтауға және оларды жою шараларын әзірлеуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

2022 жылғы 19 мамырда Ақордада Президенттің отандық бизнес өкілдерімен кезекті кездесуі өтті.

Кәсіпкерлікті дамыту және бизнес мәселелері жөніндегі осы кеңесте Мемлекет басшысы Бас прокуратураға Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және бизнес-омбудсменмен бірлесе отырып, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік салаларының ара-жігін ажыратуға бағытталған механизмдерді тез арада әзірлеуді тапсырды.

Ол ең маңызды міндет ретінде коммерциялық дауларды азаматтық-құқықтық тәртіпте басым реттеуді қамтамасыз етуді атап өтті.

Сондай-ақ, құқық қорғау органдары тарапынан анықталған рейдерлік немесе негізсіз қысымның әрбір фактісі Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

– Тепе-теңдік және тежемелік механизмдер жүйесі мен қоғамдық бақылау – осы реформаның табысты формуласы. Құқық қорғау органдары тарапынан жасалған әрбір рейдерлік әрекет немесе негізсіз қысым жасау дерегі Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс. Осындай істер соңына дейін жеткізілуі керек. Бұл жерде ешқандай корпоративтік ымыраға жол берілмеуі, тіпті сөз болмауы қажет, – деді Президент.



Қазір Бас прокуратурамен бірлесіп осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр.

Құқықтық статистикада кәсіпкерлерді есепке алудың жеке санатына бөлу қажет деп санаймыз.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікті ажырату мәселесі негізінде бизнеске негізсіз қысым жасалады.

Бұл мемлекеттік органдар мен бизнестің келісімшарттық міндеттемелер бойынша қарым-қатынасына қатысты - көбінесе бұл құрылыс, мемлекеттік сатып алулар, мемлекеттік тапсырыстар және т.б.

Көбінесе шенеуніктерге (алаяқтық, иемдену, жымқыру, немқұрайлылық және т.б.) және олармен бірге жеткізуші-кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық істер шарттардың тиісінше орындалмауының салдары болып табылады.

Шарттық қатынастардың табиғаты, азаматтық-құқықтық жауапкершілік институттары ескерілмейді.

Бізге қылмыстық іс қозғауға шектеулер бар, ҚПК нормалары мен Бас прокуратураның бұйрығы бар дейді. Бірақ іс жүзінде жағдай басқаша, құқық қорғау органдарының таңдау жасау тәсілі сақталады.

Сондай-ақ, тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік аудит органдарының – Қаржы министрлігінің ІМАК, тексеру комиссияларының қорытындылары көбінесе қылмыстық қудалауды бастауға негіз болады. Тапсырыс беруші мемлекеттік органдарды тексеру олардың жеткізушілеріне, яғни кәсіпкерлерге де әсер етеді.

Жүйе құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелеріне негізінен әкімшілік рәсімдер шеңберінде шағымдану мүмкін болмайтындай етіп құрылған. Кәсіпкер қылмыстық процеске тартылады, салдарын тартады.

Сондықтан тәсіл мен құқық қолдануды түбегейлі өзгерту қажет.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІ ҚАБЫЛДАДЫ

2021 жылғы 22 желтоқсанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді қабылдады.

Кездесу барысында Президентке атқарылған жұмыстардың қорытындылары, коронавирус пандемиясының отандық бизнеске тигізген әсері туралы баяндалды.

Сондай-ақ, Президентке «таза парақтан» реттеу тетігін енгізу жөніндегі тапсырманың орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Жаңа реттеу саясатының базалық тәсілдерін белгілейтін тиісті заң жобасы Парламент Сенатының қарауында жатыр. 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін бизнеске қатысты міндетті бұрынғы талаптардың бәрі тексеріледі. Аталған шаралардың түпкі мақсаты – мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастарды толықтай цифрландыру.

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл жұмысының қорытындыларын оң бағалап, бизнеске қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбею себептерін анықтау және оларды жою үшін шаралар әзірлеу жөнінде бірқатар тапсырма берді.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІ ҚАБЫЛДАДЫ

2020 жылғы 28 қазанда Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша атқарылған жұмыстар және отандық бизнесті одан әрі қолдау жоспарлары туралы ақпаратты тыңдады.

Бизнес-омбудсмен Қазақстан Президентіне соңғы 4 жыл ішінде 25 мың өтініш қаралып, оның 43 пайызы оң шешілгенін, кәсіпкерлердің 197 миллиард теңге көлеміндегі мүліктік құқықтары қорғалғанын айтты. Бизнес-омбудсменнің айтуынша, санитарлық талаптарды сақтау жөнінде тәртіп әзірленді, кәсіпкерлердің, олардың жұмысшылары мен тұтынушыларының арасындағы жауапкершілігі айқындалды.

Мемлекет басшысына коронавирус пандемиясының отандық бизнеске тигізген салдары және кәсіпкерлерге қолдау көрсету жөніндегі ұсыныстар туралы ақпарат берілді. Нақты айтқанда, еңбекақы төлеу қоры, жер қатынастары, салық мәселелері жан-жақты айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Жүрсіновке бизнеске қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың арту себептерін анықтауға, бақылау-қадағалау қызметін реформалауды әзірлеуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.


Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті мемлекеттік органдардың жер мәселесін, жаңа реттеуші саясат және еңбекақы төлеу қорына жүктемені өзгерту жөніндегі ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерделеу қажеттігін атап өтті. Президент сондай-ақ «Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталының тиімділігі мен транспаренттілігіне ерекше назар аударуды маңызды деп санайды.

ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС

2020-2023 жылдар аралығында 17205 өтініш келіп түсті, оның ішінде жалпы сомасы 174 млрд теңгеден асатын 6043 өтініш оң шешімін тапты.

2020 жылы бизнесті қорғау желісі бойынша бизнес-омбудсмен кеңсесіне 5 175 өтініш келіп түсті, оның 2 245-і (44%) оң шешілді. Кәсіпкерлердің қорғалған мүліктік құқықтарының сомасы 35,25 млрд теңгені құрады (күші жойылған айыппұлдар, активтерді қайтару немесе бизнес мүлкін сақтаудың өзге де тәсілдері).


ӨКП 2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ



2021 жылы 4 182 өтініш келіп түсті, оның 1 642-сі оң шешімін тапты.


Кәсіпкерлердің қорғалған мүліктік құқығының сомасы 30,3 млрд теңгеден асты.

ӨКП 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ




2022 жылы 4408 өтініш келіп түсті, оның ішінде 1530 өтініш оң шешілді. Кәсіпкерлердің қорғалған мүліктік құқығының сомасы 99,3 млрд теңгеден асты.

ӨКП 2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ



ӨКП 2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2023 жылы 2982 өтініш келіп түсті, оның ішінде 1493 өтініш оң шешілді. Кәсіпкерлердің қорғалған мүлктік құқығының сомасы 126 млрд теңгеден астам.



ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ШЕШУ

ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАР ТІЗІЛІМІ ТУРАЛЫ

2014 жылдан бастап бизнестің жүйелі проблемалары Проблемалық мәселелер тізіліміне енгізіледі, тізілім «Атамекен» ҰКП-ның ресми интернет-ресурсында қолжетімді (<https://atameken.kz/ru/registers>).

Тізілім кәсіпкерлік субъектілері үшін неғұрлым өзекті, маңызды проблемаларды қамтитын электрондық база болып табылады. Мәселені Тізілімге енгізу нәтижесінде барлық мүдделі субъектілер (қауымдастықтар, кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар және т.б.) кез келген ыңғайлы уақытта мәселені шешу барысымен, оны тезірек шешу үшін қабылданған қадамдармен таныса алады.

ТІЗІЛІМДЕГІ МӘСЕЛЕР ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН:

| мәртебесі бойынша: | салалар бойынша: | бастамашы бойынша: | күні бойынша: |
|---|---|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ■ шешілді, ■ мемлекеттік органдардың қарауында, ■ мемлекеттік органдар қолдады, ■ қабылданбады | <ul style="list-style-type: none"> ■ ауыл шаруашылығы ■ экология ■ сатып алулар ■ тариф белгілеу ■ салық салу ■ білім беру ■ логистика | <ul style="list-style-type: none"> ■ қауымдастық ■ өңірлік кәсіпкерлер палатасы, ■ «Атамекен» ҰКП ОА құрылымдық бөлімшесі; | <ul style="list-style-type: none"> ■ Проблемалық мәселенің Тізілімге енгізілген күні көрсетіледі |


2022 жылы жүйелі проблемалар тізіліміне 30-дан астам қызмет бағыты бойынша 299 проблемалық мәселе енгізілді.

2023 жылы жүйелі проблемалар тізіліміне 20-дан астам қызмет бағыты бойынша 38 проблемалық мәселе енгізілді.

2021 – 2022 жылдары «Атамекен» ҚР ҰКП съезі аясында және «Атамекен» ҚР ҰКП басшылығының өңірлердегі бизнес өкілдерімен көшпелі кездесулері аясында бизнес пен қауымдастықтар көтерген мәселелердің қосылуына байланысты 2020 жылмен салыстырғанда, проблемалар саны артты.


ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Қаржы министрі Е.К.Жамаубаевтың төрағалығымен Үкімет аппараты деңгейінде бизнестің проблемалық мәселелерін қарау практикасын енгізуге байланысты 2023 жылы шешілетін проблемалардың саны 2022 жылмен салыстырғанда, бірнеше есе өсті.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ТІЗІЛІМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, БІРЛ.



Проблемалар тізілімі жүйелі проблемаларды шешу жөніндегі жұмысты үйлестіруге, ҚР барлық азаматтары үшін проблемаларды шешу жөніндегі ақпаратты қолжетімді етуге, кәсіпкерлердің барлық белгілі проблемаларын жүйелеуге, белгілі бір үрдісті қалыптастыруға, ҚР-дағы неғұрлым проблемалы салалардың статистикалық сипаттамасын шығаруға мүмкіндік беретін тетік болып табылады.


2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Атамекен» ҰКП Проблемалық мәселелер тізілімінде кәсіпкерлердің 1141 проблемасы бар.



БҮГІНГІ ТАҢДА ЕҢ ПРОБЛЕМАЛЫ САЛАЛАР ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН:



Өңірлік тізілімге 861 проблемалық мәселе кіреді, оның 700-і (немесе 81%) шешілді.



ӨҢІРЛЕР

Еліміздің барлық өңірлерінде бизнес-омбудсменнің өкілдері бар - өңірлердегі 20 сектор меңгерушісі.

2020-2023 жылдар аралығында барлық өңірлерде әкімдермен, құқық қорғау органдарының, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен және өңірлердің кәсіпкерлік субъектілерімен кездесулер өткізілді.

300-ден астам кәсіпкерді бизнес-омбудсмен жеке қабылдады. Жеке қабылдауда келіп түскен өтініштерді талдау өтініштердің 90%-ы өңірде жергілікті жерде шешілуі мүмкін екенін көрсетеді.

2020 жылы бизнес-омбудсмен, Жамбыл облысының әкімі мен прокуроры арасындағы, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен прокуратурасы арасындағы жол карталарына қол қойылды.

2021 жылы бизнес пандемияға байланысты шектеу шараларын айқын сезінді, көптеген іс-шаралар онлайн режимде өтті.

2022 жылы еліміздің барлық 20 өңірінде кәсіпкерлермен кездесулер болды.

2023 жылы кездесулер Алматы қаласында, Қостанай және Ақмола облыстарында өткізілді.



ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕР

Қазақстан Республикасында COVID-19 коронавирус пандемиясы кезіндегі төтенше жағдайға байланысты кәсіпкерлер үшін бірқатар шектеу шаралары енгізілді.


2020-2021 жылдары бизнестің негізгі проблемалық мәселелері ТЖ кезеңіндегі белгілі бір шектеулер мен жұмыс режиміне, блокпосттардан өту тәртібі бойынша және халықаралық жүк тасымалымен байланысты мәселелерге, форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы туралы куәліктер алуға қатысты болды. Банкоматтардың жұмысына, банктік төлем жүйелеріне, халықаралық аударымдарды жүзеге асыруға, айырбастау пункттерінің жұмысына, әлеуметтік мәселелерге қатысты көптеген сұрақтар түсті. Келіссөздер арқылы өңірлік палаталар СОО/ТД алаңдарындағы жалдау төлемдерін төмендетуге/кейінге қалдыруға қол жеткізді.

Кредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру ШОБ субъектілерінің проблемалық мәселесіне айналды, осыған байланысты өңірлік палаталар жүйелі негізде түсіндірме жұмыстарын жүргізді, ЕДБ-мен проблемалық сәттер бойынша өзара қарым-қатынасты жүзеге асырды.

Елдегі төтенше жағдайға қарамастан, 2020 жылы бизнес-омбудсмен, Жамбыл облысының әкімі мен прокуроры, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен прокуратурасы арасында жол карталарына қол қойылды.



2022 жылғы 25 мамырда Өскеменде бизнес-омбудсмен, өңір басшысы және Шығыс Қазақстан облысының прокуроры «2020-2022 жылдарға арналған кәсіпкерлік қызметті қолдау жөніндегі жол картасына» қол қойды. Келісім ШҚО-да су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату, ШҚО елді мекендерінің бас жоспарларын әзірлеу, Шығыс бизнесінің өз қызметкерлеріне экологиялық үстемеақы төлеуі, қоғамдық көлік жүргізушілерінің жетіспеушілігі, Алакөл көлінің жағалауында интернет желісі мен ұялы байланыстың болмауы мәселелерін шешуді көздейді.



2022 жылғы 8 маусымда Орал қаласында бизнесті қорғаудың 2022-2023 жылдарға арналған бірлескен Жол картасына қол қойылды. Жол картасына бизнестің жүйелі мәселелерін шешу, атап айтқанда кредит беру, жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу, кәсіпкерлерді негізсіз қудалау және оларды қылмыстық сот ісін жүргізу орбитасына тарту фактілерінің жолын кесу, сондай-ақ басқа да бағыттар бойынша мәселелер енгізілді.



Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысындағы бизнеспен кездесуі аясында (17-19.11. 2022 ж.) облыс прокурорымен 2023 жылға арналған Қызылорда облысының прокуратурасы мен Кәсіпкерлер палатасы арасындағы ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға қол қойылды.



Сондай-ақ, 2023 жылғы 3 қарашада қалалық прокуратура, бизнес-омбудсмен және Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасы арасындағы Өзара іс-қимыл жөніндегі меморандумға қол қойылды.



Жалпы, барлық өңірлердегі өзекті мәселелердің бірі мәмілелерді жарамсыз деп танудың қолданыстағы тәжірибесі болып табылады. Салық органдарының мұндай мәмілелер бойынша талап қоюға құқығы бар және бұл көбінесе бизнеске қысым жасау құралына айналады.

Сапар барысында бизнес-омбудсмен кәсіпкерлермен кездесті, бұл мәселе барлық жерде көтерілді. Әдетте, бәрі камералдық бақылаудан, хабарламаларды жіберуден, банктік шоттарды бұғаттау арқылы талаптарды орындауға мәжбүрлеуден және т.б. басталады. Көптеген кәсіпкерлер келісуге мәжбүр болады, келіспеген жағдайда бизнесті жүргізу мүмкіндігінен айырылады. Егер Қазақстанда шамамен 2 млн салық төлеуші – кәсіпкерлік субъектілері бар екенін ескерсек, проблеманың қаншалықты ауқымды екенін бағамдауға болады.

Солтүстік Қазақстан облысының өңірлік бизнесінен облыс әкімдігінің Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасының қызметіне қатысты шағым көптеп түседі, сынға алушылар да аз емес.

Ақмола облысында конкурстар мен аукциондар арқылы елді мекендер мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал аудандардағы әкімдіктер аукцион/конкурстық жер беруді жалғастыруда.



Қостанай облысында бизнестің негізгі проблемасы Агроөнеркәсіптік кешенде ғылыми тәсілдің жоқтығы. Ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру үшін агрономиялық ғылымды дамытудан және оны бизнес қажеттіліктеріне бағыттаудан бастау керек. Қолданыстағы субсидиялау тетіктері кезінде аграршылар іс жүзінде мемлекеттік қолдау шараларын сезінбейді. Шаруаларға субсидия төленгеннен кейін тауар жеткізушілері сатып алынатын тауардың бағасын бірден көтереді.

Астанада ақылы автотұрақтар, бизнес-орталықтарға іргелес тұрақ орындарына қатысты мәселе қозғалды. Мемлекеттік органдардың заңнамасын жүйелі түрде бұзу кәсіпкерлердің қызметіне де кері әсерін тигізеді.

Елорда кәсіпкерлері сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту және Арнайы экономикалық аймақтың (АЭА 2027 жылға дейін жұмыс істейді) қолданылуын ұзарту мәселесін көтерді.

Шымкентте кәсіпкерлер нарықтық инфрақұрылымның жоқтығын сезуде. Ауылдық жерлерде нарықтық инфрақұрылым (көліктік-логистикалық пункттер, қоймалардың болмауы, көтерме тарату орталықтары және т.б.) дамымаған, осыған байланысты ауыл шаруашылығында өсірілген өнімнің шамамен 80%-ы тікелей егістіктен шикізат түрінде, қайта өңдеусіз төмен бағамен сатылады.

Нәтижесінде, сауда-делдалдық ұйымдар Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қарағанда, күш жұмсамай-ақ көп пайда көреді. Көкөніс-

бақша дақылдарының өнімін сату мәселесі жыл сайын егіннің 40%-на дейін жоғалтуға әкеледі.

Шығыс Қазақстан облысында жергілікті бюджеттен су қорғау аймақтары мен су объектілері маңындағы белдеулерді орнатуға қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты кәсіпкерлер су объектілері маңындағы жерлерді ала алмайды. Сондай-ақ, ШҚО елді мекендерінің бас жоспарларының жобаларын және құрылыс салудың оңайлатылған схемаларын әзірлеуге қаржыландырудың болмауы құрылыс үшін жер учаскелерін алуға кедергі келтіреді.

Батыс Қазақстан облысында «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру» бағыты бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы жануарларына жем-шөп шығындарының құнын арзандату бөлігінде ақшалай қаражаттың жетіспейтіндігі атап өтілді.

Жергілікті бизнестің тағы бір маңызды мәселесі - цифрлық майнинг жұмыстарын жүргізетін тұлғаларға электр энергиясын жеткізетін энергиямен жабдықтаушы ұйымға шектеу енгізу.

Осыған байланысты, жүйелік оператор цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға электр энергиясын беретін энергиямен жабдықтаушы ұйымға шектеулер енгізетін жағдай қалыптасуда. Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымның өзі осы адамдар үшін шектеулер енгізуге және электр энергиясын беруді тоқтатуға құқылы емес.

Жалпы, бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңселеріне түсетін қорғау желісі бойынша өтініштердің құрылымы әр түрлі: өтініштердің басым бөлігі жер қатынастары саласына, салық салуға (салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздары бойынша), мемлекеттік сатып алуға және басқа да салаларға тиесілі.

ЕҢ КӨП ШАҒЫМ КЕЛЕСІ САЛАЛАРҒА ТИЕСІЛІ:



БИЗНЕСКЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫСЫМДЫ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Кәсіпкерлер тап болатын маңызды проблемалардың бірі іс жүзінде құқық қорғау органдарының қысым құралына айналған қылмыстық қудалау саласына тарту болып отыр.

Бизнестің қылмыстық процеске тартылуын бағалау кезінде қылмыстық кодекстің 8-тарауының баптары ғана ескеріледі, ол бойынша тергеу саны экономикалық қылмыстарды тіркеудің жыл сайынғы төмендеу үрдісін көрсетеді.

| Қылмыстық кодекстің 8 тарауы | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. | 2023 ж. |
|------------------------------------|---------|---------|---------|---------|
| Тіркелді | 1 947 | 1 707 | 1 371 | 1 091 |
| Қылмыстық қудалау органы тоқтатты: | 1 084 | 651 | 624 | 595 |
| Оңалту негіздері бойынша | 164 | 207 | 160 | 150 |
| Оңалту емес негіздері бойынша | 920 | 444 | 464 | 445 |
| Сотқа жіберілді | 859 | 872 | 628 | 572 |
| Жауапкершілікке тартылды | 160 | 332 | 456 | 454 |

Сонымен қатар, қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстар үшін қолданылатын жазалармен салыстыруға болатын көптеген жазалар бар, оларға «коммерциялық ұйымдардағы өкілеттіктерді теріс пайдалану», «сапасыз құрылыс», «бөтеннің мүлкін иемдену» және басқалары жатады.

Жалпы алғанда, 118 бап кәсіпкерлерге айтарлықтай әсер етеді. Алаяқтық (ҚК 190-бабы) және мүлікті иемдену (ҚК 189-бабы) бойынша істер көп таралған, негізінен жария-құқықтық сипаттағы және жәбірленуші тараптың өтінішін талап етпейтін 2, 3 және 4 бөліктер бойынша.

| Қылмыстық кодекс | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. | 2023 ж. |
|---|---------|---------|---------|-------------|
| Алаяқтық (190-бап) | | | | |
| Тіркелді | 38 982 | 46 668 | 50 083 | 51 067 |
| Сотқа жіберілді | 10 434 | 11 651 | 12 522 | 12 406 |
| Жауапкершілікке тартылды, оның ішінде: | 1 810 | 2 366 | 2 392 | 3 255 |
| 1-бөлігі бойынша | 346 | 482 | 469 | 787 |
| 2-бөлігі бойынша | 158 | 184 | 148 | 248 |
| 3-бөлігі бойынша | 1075 | 1363 | 1436 | 1805 |
| 4-бөлігі бойынша | 231 | 337 | 339 | 415 |
| Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап) | | | | |
| Тіркелді | 2 425 | 2 341 | 1 866 | 1 848 |
| Сотқа жіберілді | 764 | 709 | 566 | 609 |
| Жауапкершілікке тартылды, оның ішінде: | 404 | 536 | 489 | 517 |
| 1-бөлігі бойынша | 27 | 34 | 32 | 33 |
| 2-бөлігі бойынша | 70 | 81 | 70 | 70 |
| 3-бөлігі бойынша | 197 | 186 | 189 | 188 |
| 4-бөлігі бойынша | 110 | 235 | 198 | 226 |

Азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікті ажырату мәселесі бизнеске негізсіз қысым жасайды, өйткені тергеушіге нақты алаяқ қайсысы және кәсіпкерлік тәуекел қайсысы екенін анықтау қиын.

Бас прокурордың 2022 жылғы 2 қыркүйектегі нұсқауына сәйкес барлық органдар кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді тіркеу тәртібін қатаң қамтамасыз етуге бағдарланған.

«Eko-StroiProekt» ЖШС бірнеше рет ЖШҚ-ға 59 500 АҚШ доллары көлеміндегі берешек сомасын төлеу қажеттілігі туралы тиісті хаттар жолдады. Дегенмен, бұл өтініштер жауапсыз қалдырылды.

2022 жылғы желтоқсанда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі уәкілі Дилмурод Қасымовқа «Eko-StroiProekt» ЖШС-не ЖШҚ тарапынан шарттық міндеттемелерді орындауға жәрдемдесу туралы өтініш білдіргеннен кейін шарт бойынша қалған берешек төленді.

Өз кезегінде, Шымкент қаласы бойынша Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

қазақстандық кәсіпкердің Өзбекстан Республикасының бизнес субъектісінің атына тауарды жеткізбеуіне байланысты дауды реттеу жөнінде шаралар қабылдады. Келіссөздер қорытындысы бойынша «SULTANBEK AVTONIZMAT» ЖШҚ-на тауар толық көлемде жеткізілді.

Бұдан басқа, бизнес-омбудсмен аппараттары тұрақты негізде ақпарат алмасуды жүзеге асырады, оның ішінде атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсетеді.

Мысалы, 2023 жылғы шілдеде Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің аппараты «Golden Rice» ШҚ мүдделеріне қатысты жүгінген Өзбекстаннан келген әріптестеріне заңды күшіне енген сот актісінің орындалу барысы туралы ақпарат алуға жәрдем көрсетті.

ЕКІ ЕЛДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛелЕРІ БОЙЫНША БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНДЕРДІҢ КЕЗДЕСУЛЕРІ

2020 жылғы 12 қарашада Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Өзбекстан бизнес-омбудсменінің бастамасымен өткізілген Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы бизнес-омбудсмен институттарының екінші кездесуіне қатысты.

Бұл іс-шара онлайн режимде өтті және оған Украина, Қырғызстан, Грузия, Ресей, Польша және Албания бизнес-омбудсмендері, сондай-ақ ЭЫДҰ және ЕҚДБ өкілдері қатысты.

Кездесуге қатысушылар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесімен бөлісті, бизнес-омбудсмен институттары қызметінің бағыттарымен, сондай-ақ пандемия кезінде бизнес субъектілеріне көмек көрсету әдістерімен танысты.

Аталған іс-шара бұған дейін 2019 жылдың қараша айында Тбилиси қаласында «Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда тұрақты бизнес үшін қолайлы орта құру» Халықаралық бизнес-конференциясы шеңберінде өткізілген болатын.



2021 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының басшысы Ербол Өстеміров Ташкент қаласында өткен Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдердің бірінші халықаралық форумына қатысты.

Форумға Өзбекстан Республикасының, Ресей Федерациясының, Корея Республикасының, Қырғыз Республикасының, Грузияның, Украинаның, Польшаның бизнес-омбудсмендері қатысты.

Конференцияда сөз сөйлеген Ербол Өстеміров қатысушыларды Қазақстандағы бизнесті қорғау жүйесі, бизнес-омбудсмен институтының дамуы, оның құрылымы мен жұмысы туралы хабардар етті, сондай-ақ отандық бизнесмендердің басқа мемлекеттер аумағында құқықтық қорғалуының маңыздылығын және кәсіпкерлер қиын жағдайға тап болғанда өз проблемасымен жалғыз қалмайтынын атап өтті.

Форум барысында Өзбекстан, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Украина, Корея және Польша қатысқан Еуропа және Азия бизнес-омбудсмендерінің Ташкент декларациясына қол қойылды. Декларацияның ережелері заңнама саласындағы ынтымақтастықты, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәсіпкерлікті дамытуды қолдау, халықаралық ынтымақтастық саласындағы әріптестікті қозғайды.



2022 жылғы 6 қазанда Қазақстан мен Өзбекстан бизнес-омбудсмендерінің кездесуі өтті.

Кездесу барысында тараптар екі елдің аумағында кәсіпкерлерге олардың инвестициялық жобаларын іске асыруда және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда консультациялық және практикалық көмек көрсетуге бағытталған ынтымақтастықты кеңейту шараларын талқылады.



Бизнес-омбудсмендер қол жеткізілген уағдаластықтардың арқасында шет елдердегі бизнесмендерді құқықтық қорғауға қатысты көптеген проблемалық мәселелер шешіліп жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, Қазақстан мен Өзбекстан бизнес-омбудсмендерінің аппараттары арасында бірлескен жобаларды іске асыру кезінде өзара көмек көрсету бойынша жұмыс жолға қойылған.

2022 жылғы 7 қазанда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Ташкент қаласында өткен бірінші Бизнес-саммитке қатысты, онда Жібек жолы елдеріндегі корпоративтік басқару ерекшеліктері талқыланды.

Саммит жұмысына Орталық Азия, Ресей және таяу шет елдердің жетекші компанияларының 150-ден астам басқарушылары, Директорлар кеңесінің мүшелері мен акционерлері қатысты.

Саммитке қатысушылар Жібек жолы өңіріне қатысты тәжірибе мен көзқарастармен алмасуға және осы тұрғыда өңірдің мәдениеті мен даму ерекшелігі үшін корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарының өзектілігін айқындауға мүмкіндік алды.

Саммит сессияларында бизнес пен мемлекеттің не күтетіні зерттелді, сондай-ақ өңірдегі директорлар кеңестерінің корпоративтік басқару және жұмыс тәжірибесі саласындағы трендтер қаралды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ

2021 жылғы 5 наурызда бизнес-омбудсмен «Инклюзивті көшбасшылық: бизнестегі жаңа шындық» онлайн-іс-шарасында спикер ретінде сөз сөйледі. Іс-шара қазақстандық қор биржасында БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі бастамаларына қосылу және халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп Ring The Bell for Gender Equality жыл сайынғы сауда-саттықтың ашылу салтанаты шеңберінде өткізілді.

2021 жылғы 7 сәуірде Business Integrity Forum өтті, оған отандық бизнес, дипломатиялық корпус және халықаралық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың басшылығы қатысты.

Іс-шараны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және «Астана» халықаралық қаржы орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Форумда іскерлік ахуалды жақсартудың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды.



Бизнес-омбудсмен «Қолайлы кәсіпкерлік ортаны дамыту» тақырыбында өткен сессияда сөз сөйледі.

Бизнес-омбудсмен: «Қолда бар проблемаларды жүйелі шешу үшін мемлекеттік реттеудің шекаралары мен шектерін анықтау қажет. Ол жүйелі және дәйекті болуы керек, бизнес үшін негізсіз кедергілер тудырмауы керек, бизнес үшін де, мемлекет үшін де жоғары талаптарға ие болмауы тиіс.

Бизнеске қойылатын талаптар негізделген, ашық және болжамды, орындалатын, анықталған, тұрақты, ұтымды, пропорционалды және бизнес субъектілерінің теңдігін қамтамасыз етуі керек. Барлық осы шарттар орындалған жағдайда ғана жаңа талап енгізілуі мүмкін.

Ұсынылған шаралар өзекті емес, артық, қайталанатын реттеуші талаптарды қысқартуға, бизнесті жүргізу шарттарын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл бизнестің іскерлік белсенділігін ынталандыруға әкеледі. Біз осы мүмкіндікті пайдаланып, бизнесті реттеу мен бақылаудың тиімді жүйесін бірге құруымыз керек».

2023 жылғы 18 мамырда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл «Инвестициялық жобалардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» халықаралық семинарына қатысты.

Семинардың ұйымдастырушысы БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы мен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. Семинар тәжірибе алмасу және ұлттық және халықаралық стандарттарды зерделеу арқылы халықаралық инвестициялық жобалардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күресте мамандардың хабардарлығын арттыруға және құзыреттерін дамытуға бағытталған.



Бизнес-омбудсмен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен, оның ішінде жол карталары шеңберінде бірлесіп жұмыс істеу туралы ақпаратпен бөлісті, тексерулер мен бизнеске қойылатын талаптарды қысқарту, сондай-ақ кәсіпкерлер үшін шығындарды азайту сияқты оң нәтижелерді атап өтті. Ол атап өткендей, сыбайлас жемқорлықпен және көлеңкелі экономикамен күресу үшін мемлекет бизнеспен бәсекелестіктен аулақ болу керек. Қазақстанда жария құқықтың заңды тұлғалары институтын енгізу қажет. Бұл институт ЭЫДҰ елдерінде, соның ішінде Германия, Франция, Испания, Италия және Түркияда сәтті жұмыс істейді. Бұл мысалды Эстония, Литва, Грузия, Әзірбайжан, Украина және Молдова да ұстанады. Жария құқықтың заңды тұлғалары институтын Қазақстан заңнамасына біртіндеп енгізу құқықтық дамудың жаһандық үрдістеріне сәйкес келеді және оны дамыған мемлекеттердің заңнамасымен үйлестіретін болады.



2023 жылғы 1 қарашада Қазақстанның бизнес-омбудсмені мақсаты мемлекет пен бизнес арасында коммуникациялар құру болып табылатын Tradex халықаралық сауда форумына қатысты.

Форумға қатысушылар саудадағы негізгі үрдістерді, сондай-ақ оның алдында тұрған қиындықтар мен мүмкіндіктерді талқылады.



БИЗНЕСТІҢ ШЕШІЛГЕН ЖҮЙЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТОП-25 2020-2023 ЖЫЛДАР

1. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АӨК САЛАСЫНДА:

1.1. Кредиттік серіктестіктердің қызметіне қатысты. 2023 жылғы 10 наурызда ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына номиналды сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 28.02.2023 № 77 бұйрығының жобасы күшіне енді, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі мен жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) пайыздың (бұдан әрі – %) теңгемен жиынтық көрінісі ретінде есептеледі.

Енгізілген түзетулер «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында алынған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға мүмкіндік берді.

2023 жылы шешілді.

1.2. Құс шаруашылығы саласын тиісті субсидиялаудың болмауы туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. Қазіргі уақытта тағамдық жұмыртқаны субсидиялау ережелері әзірленді.

Шешілді: 2022 жылғы наурыз.

1.3. Мерзімін 5 жылдан 10 жылға дейін ұлғайта отырып, агроөнеркәсіптік кешенді Қарапайым заттар экономикасы қаражаты есебінен қаржылық қамтамасыз ету. Субсидиялау мерзімін ұлғайту ҚР ПӘ-де қаралды. Нәтижесінде, қазіргі уақытта ҚР Үкіметі қаулысының жобасында экономиканың жекелеген секторлары бойынша 5 жылдан 7 жылға дейін ұлғайту көзделген.

2022 жылы шешілді.

1.4. Алдын алу, диагностикалау және жою бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне Асколи бойынша преципитация реакциясы арқылы Сібір жарасына тері және аң терісі шикізатына зерттеулер жүргізуді енгізу туралы АШМ бұйрығына өзгеріс енгізілді.

Шешілді: 09.12.2021 ж.

2. ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДА:

2.1. 1 гектарға, 1 басқа арналған шығындар нормативі қайта қаралды. Аталған мәселе ҚР Премьер-Министрі А. А. Смайыловтың қатысуымен өткен жедел штаб отырысында қосымша бөлінген 70 млрд теңге бойынша қаралды. Көктемгі егіс жұмыстарында 1 гектарға есептеулер ғылыми негізделген бағаларға сәйкес жүргізілетін болады.

1 га шығындарды қаржыландыру бойынша Аграрлық несие корпорациясының есептік нормативтерін 2 есеге ұлғайту жағына түзету фермерлерге қарыз қаражатының әділ көлемін алуға, яғни қажетті көлемде тұқым, ЖЖМ, агрохимия, қосалқы бөлшектер және басқа да ТМҚ сатып алуға мүмкіндік берді.

2022 жылы шешілді.

2.2. Құрылыс материалдары құнының қымбаттауына байланысты құрылыс жобаларын түзету рәсімін жүргізу қажеттігі мәселесі. 2021 жылғы 10 маусымда бюджет қаражатынан қаржыландырылатын құрылыс жобаларына түзету жүргізу бойынша ұсыныстар мақұлданды. Бұдан басқа, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.В.Склярдың төрағалығымен ҰКП бастамасы бойынша өткізілген кеңестердің нәтижесі бойынша құрылыс жобаларын жеделдетіп түзету алгоритмі әзірленді. Осы алгоритмге сәйкес бюджет қаражатынан қаржыландырылатын 642 жобаны түзету рәсімі басталды.

2021 жылғы 24 қыркүйекте құрылыс ресурстарының құны 10%-дан астам қымбаттаған жағдайда құрылыс жобаларына түзету жүргізу құқығын көздейтін бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілер салуға арналған жобаларды бекіту қағидаларына түзету енгізілді.

Шешілді: 24.09.2021 ж.

2.3. Кейбір өңірлерде учаскелерді жалға беру тым жоғары бағада іске асырылды. Осы мәселені шешу үшін жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына түзетулер пысықталды, оған сәйкес ЖАО жер учаскелерін жалдау құқығын Үкіметтің қаулысымен бекітілген нормативтер бойынша қоятын болады, бұл ретте жалдау құны жалдау мерзіміне байланысты болады (мерзім неғұрлым көп болса, құны кадастрлық құнға жақын болады)

Шешілді: 15.10.2021 ж.

3. САТЫП АЛУЛАР САЛАСЫНДА:

3.1. Сатып алу бойынша бірыңғай платформа құруға қатысты. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2023 жылғы 13 маусымда «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Мемлекет басшысының мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға ауыстыруға қатысты тапсырмасын орындау үшін, сондай-ақ «yellow pages rules» қағидаттарына сәйкес келу мақсатында бірінші кезеңде ағымдағы сатып алу алаңдарын сақтау ұсынылады (goszakup.gov.kz, zakup.sk.kz, mitwork.kz) және («Сатып алулардың бірыңғай терезесі 2.0») бірыңғай тіркеу және кіру нүктесі бар сатып алу жоспарлары, хабарландырулар, шарттар бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты жинау және көрсету үшін олармен интеграцияланатын портал құру.

2023 жылы шешілді.

3.2. Индустриялық сертификатты қолдана отырып, жеңіл, жиһаз өнеркәсібі, машина жасау тауарларын, есептеу блоктары мен тастарды ұлттық режимнен алып тастауды көздейтін Үкіметтің Қаулысы қабылданды.

2022 жылы ақпан айында шешілді.

3.3. «Қарапайым заттар экономикасы» (жеңіл, жиһаз, құрылыс, химия, тамақ, фармацевтика, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, машина жасау) салаларының тауарларын сатып алу бойынша ЖАО-ның Мемлекеттік сатып алуларында жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторлар белгіленді.

2021 және 2022 жылы шешілді.

3.4. Мемлекеттік сатып алуларда төленген салықтардың көрсеткіштері 4%-дан 3%-ға дейін, сондай-ақ мұнай өнімдерін сатушылар үшін - 1%-ға дейін төмендетілді.

2021 жылы мамыр айында шешілді.

3.5. Пандемия кезеңінде мемлекеттік сатып алуларда СТ-КЗ бар отандық тауар өндірушілерден сатып алу басымдығын көздейтін Арнайы тәртіп қолданылды.

Қолданылу мерзімі 2020 жылдың наурыз- желтоқсан аралығы.

4. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА:

4.1. Жоғары оқу орындарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларының болмауы

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығымен жоғары оқу орындарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары әзірленді және бекітілді.

2023 жылы шешілді.

4.2. Жалпы білім беретін мектептерді салу кезінде бизнесті қолдау жөніндегі бағдарлама әзірленді (бір оқушыға 96 АЕК мемлекеттік білім беру тапсырысы нысанында 8 жыл ішінде шығындарды өтеу).

2022 жылы шешілді.

4.3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес педагог қызметкерлер үшін бірқатар қаржылық ынталандырулар (жалақыға үстемеақылар, еңбек демалысының ұзақтығын ұлғайту және т.б.) көзделген. Сонымен қатар, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес мұндай ынталандырулар тек мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері үшін ғана көзделген. 2020 жылғы 20 қазанда Әдістемеге мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жеке орта білім беру ұйымдарының (мектептің) педагог қызметкерлері үшін тиісті түзетулер мен ынталандырулар енгізілді.

20.10.2020 ж. шешілді.

5. ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ САЛАСЫНДА

5.1. Тасымалдау бағасын көтеру мәселесі де оң шешілгендердің құрамына кіреді деп айтуға болады. Енді кірме жолдардың қызметтеріне тарифтік реттеу бәсекелестік кірме жол болмаған кезде «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңында көзделгендіктен, тарифтердің кез келген өзгерістері ҚР ҰЭМ ТМРК аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

Шешілді: сәуір 2022 ж.

5.2. 2021 жылғы 2 қаңтарда «Экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды, оның шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органға қажетті деректерді беру үшін автобустарды спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықтау бойынша тұрақты емес автобус тасымалдаушыларының міндеттемесі көзделген. Бұл шара бақылау іс-шаралары барысында заңсыз тасымалдаушыларды анықтауға мүмкіндік береді.

Шешілді: 02.01.2021 ж.

5.3. Ел үшін стратегиялық маңызы бар нақты объектілерді айқындау бөлігінде стратегиялық объектілерге ауыртпалық салу және иеліктен шығару тәртібі реттелді. (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 805 қаулысымен өзгерістер енгізілді)

Шешілді: 10.11.2021 ж.

6. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА:

6.1. Мемлекеттік тапсырысты орындау кезінде медициналық кабинетке лицензияның болуы бойынша талап.

2022 жылы балабақшаларға жеңілдік берілді, медициналық кабинеттерді жабдықтау кейінге қалдырылды. Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын барлық мектепке дейінгі ұйымдарда медициналық кабинет бар.

2022 жылы шешілді.

6.2. 2020 жылғы 16 қазанда «Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу қағидалары мен кезеңділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ бұйрығына өзгерістер енгізілді, оларды орындау кезінде жұмысқа түскен кезде алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімді міндетті медициналық қарап-тексерулер және тамақ өнеркәсібі қызметкерлеріне жылына 1 рет талдау тапсыру талаптарын белгілейтін «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары жүргізіледі. Олар бұрын 6 айда бір рет зертханалық зерттеулерден өтетін еді.

Шешілді: 16.10.2020 ж.

7. САУДА САЛАСЫНДА:

- 7.1. ҚР аумағына СЭҚ ТН 4407 (ағаш) коды бойынша тауарларды әкелу.
- Ресей Федерациясы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №2552 қаулысымен ағаш материалдарының жекелеген түрлерін халықаралық автокөлікпен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қостанай, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесетін Бугристовое, Озинки және Петухово өткізу пункттері айқындалды.
- Ресей Федерациясы Үкіметінің 2023 жылғы 2 маусымдағы №917 қаулысымен Ресей-Қазақстан мемлекеттік шекарасында қосымша үш автокөлік өткізу пункті орнатылды, олар арқылы ағаштың жекелеген түрлерін және оны қайта өңдеу өнімдерін Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарымен шектесетін Кулунда, Веселоярск, Ольховка арқылы жүк көлігімен әкетуге рұқсат етілді. Осылайша, СЭҚ ТН 4403 (круглякты қоспағанда), 4404, 4406, 4407 кодтарымен жіктелетін ағаштың жекелеген түрлерін әкету үшін Ресей-Қазақстан мемлекеттік шекарасы арқылы 6 автокөлік өткізу пункті жұмыс істейді. Ашық пункттер Ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпкерлерінің мүдделеріне сай келеді. Сондай-ақ, ҚР-РФ ҰАК шеңберінде 2023 жылғы 31 Қазанда ҰКП Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының ӨКП ұсынысы бойынша жекелеген облыстар үшін өткізу пункттерінің санын ұлғайту туралы мәселе көтерді.
- 2022 жылы шешілді.

- 7.2. Оралған су мен қантты сусындарды таңбалауды енгізу.
- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қант, кондитерлік өнімдер мен ашытқы өндірушілер бұл жеңілдікті мерзімсіз пайдалана алады. Бұрын тек 01.01.2020 жылдан 01.01.2023 жылға дейінгі кезеңге көзделген еді.
- 2022 жылы шешілді.

8. САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДА

- 8.1. Мемлекеттік кірістер органдары майнинг және криптовалюта құрылғыларын импорттауға миллиардтаған қосымша салық есептеді (ҚҚС, өсімпұл).
- «Импорты салықтан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 10/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 23/НҚ бұйрығы әзірленді және қабылданды, оның шеңберінде Технопарктің қатысушылары болып табылатын салық төлеушілер 2022 жылғы 10 мамырға дейін әкелген тауарларға қатысты нақтылаулар енгізілді.
- 2023 жылы шешілді.

- 8.2. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бөлшек салық бойынша Салық кодексіне өзгерістер енгізу.
- 2023 жылғы 20 наурызда Салық кодексіне және «Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы Заңға қол қойылды.
- Осы Заңға сәйкес бөлшек салық СТН-ны шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қолдана алады:
- сатудан түскен табыстың шекті сомасы – 600 мың АЕК (2,1 млрд теңге) құрайды;
 - қызметкерлердің орташа тізімдік саны - 200 адам;
 - қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асырады.
- Бөлшек салық ставкалары тауарларды сатып алушының субъективтілігіне байланысты өзгертілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тізбе кеңейтілетін болады. Қазіргі уақытта ҚР ҰЭМ ақпараты бойынша тізбенің жобасы мемлекеттік органдармен пысықталуда.
- ҚР ҚМ 21.07.2023 жылғы №783 бұйрығымен бөлшек салық үшін СРН бойынша декларацияның оңайлатылған нысаны (913.00).
- 2023 жылы шешілді.

9. ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДА:

- 9.1. «Электр энергетикасы туралы» ҚРЗ-да орташа тәуліктік базалық қуат ұғымының болмауы. Мәселе Орал қаласына бару арқылы шешілді. Орал қаласындағы «Мик» ЖШС медициналық өнеркәсіптік газдарды өндіруші болып табылады. БҚО әкімдігі, «Жайықжылуқуат» ЖШС және «Мик» ЖШС арасында электр энергиясын үздіксіз беруді көздейтін ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Батыс Қазақстан облысы әкімі орынбасарының қатысуымен кеңес өткізілді, онда осы мәселені шешу бойынша ҰКП-ның аргументтері мен ұстанымы келтірілді.
- «Жайықжылуқуат» ЖШС мен «Мик» ЖШС арасында шарт жасалды.
- 2023 жылы шешілді.

ӨНІМДЕР

САТЫП АЛУЛАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ

Ұлттық палата Бизнес-омбудсмен кеңсесінің қатысуымен «Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталын әзірледі, портал үнемі жетілдіріліп отырады (<https://www.eoz.kz/#/>), бұл сатып алудың ашықтығын арттыруға, бағаны негізсіз көтеру арқылы сатып алуды іске асыруды алдын-ала анықтауға арналған. Бұл Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қойылған негізгі міндеттерінің бірі.

Бизнес 100 мыңнан астам тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қол жеткізе алады. Бұл барлық сайттар бойынша белгілі бір кезеңдегі сатып алу көлемін зерттеуге, өңірлер мен тапсырыс берушілер бойынша олардың динамикасын бақылауға, сондай-ақ ең көп сатып алынған тауарлар мен олардың баға диапазонын анықтауға мүмкіндік береді.

3 сатып алу алаңының периметрінде 2022 жылы жалпы сомасы 13 трлн теңгеден асатын 1 млн 570 мыңнан астам шарт қолданылды (Мемлекеттік сатып алулар, Самұрық-Қазына Контракт, Митворк – 2022 жылы жасалған, қолданыстағы және орындалған шарттар саны – 1 572 664 шарт, сомасы 13 351 573 238 002 теңге.).

«Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталы бағаны көтеру және төмендету тәуекелдерін анықтауға, салалар мен өңірлер бойынша сатып алу динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың басынан бері бұл жүйені ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі белсенді қолданып келеді. Мемлекеттік сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша сатып алулар жойылды немесе тауарларға қойылатын жоспарлы бағалар төмендетілді. 2023 жылы нақты үнемдеу 41,4 млрд теңгеден асты. Пайдаланудың барлық кезеңінде үнемдеу 158,4 млрд теңгеден асты.

Сарапшылардың бағалауы бойынша сатып алулардағы бюджеттің жыл сайынғы шығыны кемінде 100 млрд теңгені құрайды.

Сондай-ақ, Сатып алулардың бірыңғай терезесі платформасында БҚДА-мен бірлесіп Мемлекеттік сатып алу саласындағы картельдік сөз байласуларды анықтау бойынша «Өрмек» жобасы іске асырылды. БҚДА келісілген іс-қимылдардың 46 фактісін және картельдік келісімдерді ұйымдастыруды анықтады. Сот арқылы 670 млн теңгеден астам өндірілді.

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Сот шешімдерінің көп мөлшерін, сот талқылауларының нәтижесін болжау мүмкіндігін талдау үшін Жоғарғы Сотпен бірлесіп сот жүйесіне жасанды интеллект енгізу бойынша жоба іске асырылуда. Бұл жобаның негізгі міндеттері сот практикасының біркелкілігіне қол жеткізу және соттарға жүктемені азайту болып табылады.

Жобаны іске асыру үшін Қазақстан-Британ техникалық университетінің Жасанды интеллект зертханасының мамандары тартылды.

Жүйе, ең алдымен, нақты істер мен нормативтік қаулыларға негізделген болжамды қалыптастырады. Жұмыс алгоритмі жүктелген сот актілеріндегі «басты» сөздерді бөліп көрсетеді, оларды сандар мен санаттарға аударады, ұқсас сот актілерін тартады. Жүйеге барлық сатылардың 1,2 млн. астам сот актілері және 120 мың талап арыз жүктелген.

СОТ ПРАКТИКАСЫН ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУ

Жасанды интеллект зертханасының мамандары келесі жұмыстарды атқарды:

- әзірленіп жатқан машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерінде кейіннен талдау және қолдану үшін сот актілерінің дерекқоры құрылды және өңделді;
- машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерін пайдалана отырып, берілген параметрлер (шағымдар, түйінді сөздер, өзге де атрибуттар) бойынша сот істерін зияткерлік іздеу модулі әзірленді;
- машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерін пайдалана отырып, берілген іздеу параметрлері бойынша сот ісінің нәтижесін болжау модулі әзірленді;
- сот істерінің нәтижесін болжау және интеллектуалды іздеу жүйесінің веб-қосымшасы әзірленді;
- жүйе нақты жағдайларда сыналған.

Жүйенің жұмыс алгоритмі жүктелген сот актісін «тазартудан» және ондағы сандарға аударылатын және санаттарда анықталатын кілт сөздерді бөлуден тұрады. Әрі қарай, жүйе негізгі сөздер бойынша мәтінге талдау жасайды, жағдай мен істің мәні бойынша ұқсас сөздерді таңдайды.

Әзірлеушілер ҰКП-мен бірлесіп ҚР қолданыстағы заңнамасындағы және судьялық практикадағы өзгерістерді ескере отырып, жүйені бейімдеу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізетін болады.

Қызмет 4 миллионнан астам сот актілерін талдау негізінде істің нәтижесін болжауға, ұқсас жағдайлар бойынша ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйенің моделі әрбір 10 мың сот актісі арқылы автоматты түрде «қайта оқытуды» жүргізеді және сот істерінің нәтижесінің өзекті өлшемдерін қалыптастырады.

БИЗНЕС-ТІЗІЛІМ

Бизнес-тізілім (Адал бизнес-серіктестер тізілімі) – бұл Мемлекет басшысы Үкіметке 2019 жылы Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп құруды тапсырған жүйе.

Жүйе - бұл кез-келген кәсіпкер әлеуетті контрагенттің сенімділігін тексере алатын бизнес субъектілерінің мәліметтер базасы. Деректер базасын толтыру салық, кеден, құқық қорғау және басқа органдардың ақпараты негізінде жүргізіледі.

Егер кәсіпкер осы база бойынша контрагентті тексерген болса және ол «қызыл аймақта» болмаса, осы контрагентпен жасалған мәміле қылмыстық қудалау, салықтар мен айыппұлдарды қосымша есептеу нысанасы бола алмайды. Бұл сондай-ақ Салық кодексінде ескерілетін тиісті тексеру қағидатын енгізуге мүмкіндік береді.

Салық салу мәселелері бойынша бизнес-омбудсменнің кеңсесіне келіп түсетін өтініштердің көп санын ескере отырып, Бизнес-тізілімді енгізу салық органдарының контрагенттермен мәмілелерді жарамсыз деп тану мәселелері бойынша кәсіпкерлерге қатысты шағымдардың алдын алудың тиімді құралы болуға тиіс.

Кәсіпкерлер 2022 жылғы 1 шілдеден бастап өздерінің әлеуетті контрагенттерін [web-сілтеме арқылы](https://kyc.kz/) тексере алады: <https://kyc.kz/>

Мұнда тіркелген пайдаланушылар Қазақстан Республикасында тіркелген кез келген кәсіпкер туралы өзекті және шынайы мәліметтері бар есепті алып, шешім қабылдау үшін пайдалана алады.

Порталдағы әрбір кәсіпкердің жеке кабинеті болады, онда ол өз бизнесі туралы мәліметтермен таныса алады, сондай-ақ оның кәсіпорнына қызығушылық танытқан заңды және жеке тұлғалардың тізімін көре алады.

Ұлттық палата ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп, салық төлеушінің адалдық индексі (бұдан әрі-СТАИ) есептеу бойынша сервис құрды.

40-тан астам параметрлердің негізінде жүйе осы контрагенттің бюджетке ҚҚС сомаларын нақты төлемей-ақ, шот-фактураларды жазып беру арқылы мәмілелерді пайдалану ықтималдығын анықтайды.

Бұл бизнеске жосықсыз контрагенттермен мәміле жасасудың, қосымша ҚҚС және КТС есептеудің алдын алуға көмектеседі.

«Салық төлеушілердің тиісті салықтық қарап-тексеруді көрсетуі бойынша пилоттық жобаны іске асыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қаржы министрі бұйрығының жобасы әзірленді. Бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы қаңтарға дейін қолданысқа енгізіледі деп көзделіп отыр.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

2018 жылы бизнес-омбудсменнің бастамасымен Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңес (КБҰК) құрылды. КБҰК-ның негізгі міндеттері – корпоративтік басқару (КБ) сапасын арттыру, қазақстандық компанияларда озық тәжірибені енгізуді ынталандыру болып табылады.

Халықаралық сарапшылардың, оның ішінде Дүниежүзілік банкте жұмыс тәжірибесі бар сарапшылардың қатысуымен корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттарының пакеті, оның ішінде корпоративтік басқару кодексі, жария емес компанияларда, мемлекет қатысатын компанияларда кодексті қолдану жөніндегі нұсқаулық, тәуелсіз директорларға арналған нұсқаулық және т.б. әзірленді.

Бұдан басқа, корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттарын әзірлеу және қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер әзірленді.

2022 жылғы сәуірде стандарттар Ұлттық палата Төралқасының шешімімен мақұлданды. Бұған дейін корпоративтік директорлар, мемлекеттік және жеке компаниялардың корпоративтік хатшылары, сарапшылар қатысқан кең қоғамдық пікірталас болды.

Осы құжаттарды әзірлеудің негізгі мақсаты үздік халықаралық тәжірибеге, ЭЫДҰ идеялары мен қағидаттарына сәйкестікке бағдарлану болып табылады.

Әзірленген жаңа ұлттық корпоративтік басқару кодексі ЭЫДҰ-ның озық тәжірибелері мен қағидаттарына толық сәйкес келеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰЖАТТАРЫ

| Мемлекеттік компанияларға арналған нұсқаулық | Жария емес компанияларға арналған нұсқаулық | Тәуелсіз директорларға арналған нұсқаулық | Корпоративтік хатшыға арналған нұсқаулық |
|---|---|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • Мақсат - мемлекеттік акциялар пакетін енжар иеленумен байланысты қателіктерді болдырмау мақсатында, сондай-ақ мемлекет қатысатын компанияны басқаруға мемлекеттің | <ul style="list-style-type: none"> • Нұсқаулық жария емес компанияларға арналған, олар өз бизнесін өсіруге және дамытуға, ұзақ мерзімді перспективада өзіндік құнды құруға ұмтылады, | <ul style="list-style-type: none"> • Компаниядағы тәуелсіз директордың рөлі мен функциялары • Тәуелсіз директордың іскерлік этика принциптері • Тәуелсіз директордың міндеттері | <ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік хатшының рөлі мен жауапкершілігі • Корпоративтік хатшының қызметін • Корпоративтік хатшы сына қойылатын талаптар |

| | | | |
|---|--|---|--|
| <p>шамадан тыс араласуының алдын алу мақсатында мемлекет акционердің (қатысушының) функциясын қалай орындау керектігін айқындайтын мемлекет қатысатын компанияның тиімді және ашық жұмыс істеуі үшін корпоративтік басқарудың ұлттық стандартын белгілеу.</p> | <p>корпоративтік басқарудың жеке тәжірибесін құруға ұмтылады. Нұсқаулық тиімді корпоративтік басқаруды құрудың «жол картасы» болып табылады.</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Іскерлік бедел және тәуелсіз директор мәртебесі • Аға тәуелсіз директор • Тәуелсіз отырыстар • Директорлар • Тәуелсіз директорларды сайлау және өкілеттілігін тоқтату • Тәуелсіздік директорға қойылатын талаптар. | <ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік хатшының құзыреттілік профилі • Корпоративтік хатшыны ресурстық қамтамасыз ету • Қосымша. Корпоративтік хатшы туралы үлгі ереже. |
|---|--|---|--|

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР Заңы 26-2-баппен толықтырылды - Ұлттық кеңестің мәртебесі бекітілген корпоративтік басқару жөніндегі Ұлттық кеңес. КБҰК Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі белгіленді.

2023 жылғы 7 желтоқсанда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының жанындағы Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің қолдауымен «Корпоративтік басқару - жаңа сын-қатерлер» форумы өтті. Іс-шараға корпоративтік әлемнің әлемдік гурулары – Рич Гиббон, Джон (Ян) Маккей, Александр Чмель және Станислав Бирюлинді қоса алғанда, үздік спикерлер қатысты.

Форумда акционерлердің позицияларына баса назар аудара отырып, мемлекеттік және жеке компаниялардың тиімділігін арттыруға арналған пленарлық отырыс, сондай-ақ аудиторлық компаниялардың, қаржы институттары мен даму қорларының сарапшыларымен интерактивті шеберлік сыныптарымен төрт панельдік пікірталас өтті.

Форумның тақырыптары:

Корпоративтік басқарудағы өзекті трендтер мен жаңа тәсілдер: Сарапшылар корпоративтік басқаруға өзгеріс енгізетін стратегиялармен және әдістермен бөлісті.

ESG контекстінде Қазақстанның қаржы секторын қайта жүктеу: Қаржы көшбасшылары орнықты даму қағидаттарын елдің қаржы секторына интеграциялауды талқылады.

Корпоративтік басқарудағы өзекті сын-қатерлер мен шешімдер. Ішкі көзқарас: компания директорлары қазіргі корпоративтік әлемдегі қиындықтарды жеңу тәжірибесімен бөлісті.

Корпоративтік басқару және климаттың өзгеруі: қатысушылар бизнестің климаттың өзгеруіне әсерін және корпоративтік басқарудың экологиялық жауапкершілікпен байланысын талқылады.



Форум бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырды, бұл оның іскерлік қоғамдастықтағы маңыздылығын көрсетеді. Хабар және Atameken business телеарналары, сондай-ақ «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Время» республикалық газеттері, электрондық БАҚ және әлеуметтік желілер бұл оқиғаны жариялады. Бұл форумның танымалдылығын және оның маңыздылығы туралы ақпараттың таралуын қамтамасыз етті.

Корпоративтік басқару бойынша өткен форум бизнестің негізгі қатысушыларын біріктірген және бизнес, мемлекеттік өкілдер мен сарапшылар арасындағы сындарлы диалогты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаған сәтті оқиға болды. Бұл корпоративтік ортаны жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар мен идеяларды қалыптастыруға ықпал етті. Алынған нәтижелер медиалық назармен расталған, Қазақстанда іскерлік қоғамдастықты дамыту үшін өткізілген іс-шараның маңыздылығын айғақтайды.

«ТАЗА ПАРАҚТАН» РЕТТЕУ

Кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеудің жаңа тәсілінің негізгі бөлімі міндетті талаптар тізілімін енгізу болып табылады.

Тізілімде жаңа реттеуші саясатқа сәйкес келетін талаптар ғана болады.

2021-2022 жылдары «Атамекен» ҰКП мемлекеттік органдармен бірлесіп реттеудің барлық массивіне қайта қарау жүргізді.

Талаптарды қайта қарау (ревизиялау) жөніндегі жұмыстың периметріне заңдар мен заңға тәуелді актілер ғана емес, сондай-ақ заңдарда оларға тікелей көрсетілген жағдайда нормативтік техникалық құжаттар да енгізілген.

Талаптарды қайта қарау бойынша жұмысқа бизнес-қоғамдастықтан 100-ден астам сарапшы тартылды. Бұл барлық кәсіпкерлерді жаңа реттеуші саясатты қалыптастыру процесіне кеңінен тартуды және қамтуды қамтамасыз ету үшін қажет.

«Атамекен» ҰКП реттеуші актілерге талдау жүргізу бойынша жұмысты толық үйлестіруді жүзеге асырады.

2022 жылдың наурыз-шілде айлары аралығында «Атамекен» ҰКП қайта қарауға қатысатын мемлекеттік қызметшілер мен бизнес сарапшылары үшін жаңа реттеу саясаты мен қайта қарау әдіснамасының негіздерін түсіндіру бойынша оқыту семинарларының сериясын өткізді.

2022 жылғы 30 қарашада журналистер мен блогерлер үшін «таза парақтан» реттеу шеңберінде ақпараттық жұмыстың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша семинар-тренинг өтті.

Сонымен қатар, «Атамекен» ҰКП қатысуымен келесі құжаттар әзірленді:

- РӘТ жүргізу және пайдалану қағидалары (ҰЭМ-нің 19.04.2022 ж. №36 бұйрығы);

- Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидалары, тексеру парақтарының нысандары (ҰЭМ 22.06.2022 ж. №48 бұйрығы);

- «Реттеушілік актілері кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізіліміне енгізілуге жататын кәсіпкерлік қызметті реттеу салаларын айқындау туралы» Үкіметтің қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 1016 қаулысы);

- Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін жүргізу қағидалары (ҰЭМ-нің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 131 бұйрығы).

«Атамекен» ҰКП Жаңа реттеу саясатын енгізу бойынша жүргізіліп жатқан реформа туралы қоғамның хабардарлығын қамтамасыз ету мақсатында реформаны БАҚ-та жариялау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Талдау қорытындысы бойынша 44 салада 2 823 реттеуші акт белгіленді, 128 117 талап анықталды, оның ішінде 10 102 талап жаңа реттеуші саясаттың базалық шарттарына сәйкес келмейді және күші жойылады немесе қайта қаралады.

Мемлекеттік органдар «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп «таза парақтан» реттеу шеңберінде реттеуші актілерге жүргізілген талдау қорытындылары бойынша түзетулердің бірыңғай пулын қалыптастыру үшін жетекшілік ететін салалар бойынша салалық заңнамалық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірледі.

Қазіргі уақытта, ҚР ҰЭМ «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына заңнамалық түзетулердің екінші пакетін әзірледі. 2023 жылғы маусымда түзетулер ҚР Парламентінде қаралып жатқан заң жобасына енгізілді.

«Атамекен» ҰКП бизнес-қоғамдастықты тарта отырып, ҚР Парламентінің жұмыс топтарына белсенді қатысады.

Орталық деңгейде бизнеске қойылатын талаптарға тексеріс жүргізу барысында бизнес тарапынан жергілікті талаптарды қайта қарауға қатысты мәселе бірнеше рет айтылды.

Осыған байланысты, жұмыстың келесі кезеңі өңірлік құқықтық актілерде қамтылған бизнеске қойылатын талаптарды қайта қарау болып табылады.

Қазіргі уақытта Үкіметпен бірлесіп, келесі мәселелер пысықталуда:

- 1) ОМО деңгейіндегі реттеушілік актілерді қайта қарау жөніндегі жұмысқа ұқсастығы бойынша өңірлік құқықтық актілердің талаптарын қайта қарау бойынша Жол картасын бекіту;
- 2) 2024 жылдан бастап орталық мемлекеттік органдар деңгейіндегі жұмысқа ұқсас өңірлік құқықтық актілерде қамтылған бизнеске қойылатын талаптарды қайта қарау бойынша жұмысты бастау;
- 3) Міндетті талаптар тізіліміне енгізілген қайта қаралған жергілікті нормативтік құқықтық актілерді енгізу.

РӘТ РЕФОРМАСЫ

Жаңа реттеуші саясаттың бизнеске қойылатын талаптардың сәйкестігін бағалаудың негізгі құралы реттеушілік әсерді талдау (РӘТ) болып табылады.

РӘТ өткізуді іс жүзінде қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылғы Жаңа реттеу саясаты мәселелері жөніндегі заңда:

- 1) РӘТ-ты (салдардың экономикалық негіздемесі) жалпы талаптарға ғана емес, сонымен қатар бизнестің заңды жауапкершілігіне қатысты жаңа бастамаларға да тарату;
- 2) Бизнес-омбудсменге ҰЭМ-ге кәсіпкерлердің шағымы бойынша қолданыстағы реттеуші құралдарды жою немесе қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгізу құқығын беру.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ (БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ) ХАБАРДАР ЕТУ

Бизнес-омбудсмен кеңсесі кәсіпкерлердің құқығы мен заңды мүддесін қорғау мәселелері бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы жұртшылықты хабардар етіп тұрады. Бизнес-омбудсмен институтының қызметі туралы ақпарат ombudsmanbiz.kz интернет-ресурсында қолжетімді.

Бизнес-омбудсменнің маңызды міндеттерінің бірі бизнес-қоғамдастықты өз қызметі туралы хабардар ету және Үкіметтің жұмысына қатысу болып табылады. Кәсіпкерлер қабылданатын шешімдермен келіспеген жағдайда, оларға өз құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін қажетті ақпарат беріледі.


Бизнес-омбудсмен институты оңай танылуы керек, ал негізсіз кедергілер мен қысымға тап болған кәсіпкерлер кеңсемен жедел байланысып, кері байланыс пен уақтылы қорғауға қол жеткізуі керек.

2020 жылы 8 096 материал тіркелді, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында 2 185 материал жарияланды, әлеуметтік желілерде – 5 911 материал.

Осы бағыттағы жұмысты бағалау индикаторы бизнес-омбудсмен мен оның кеңсесі қызметкерлерінің аталу саны бойынша динамиканың өзгеруі болады.


Телеарналарда бизнес-омбудсменнің қатысуымен 100-ден астам жаңалық сюжеті шығарылды. Радиода бизнес-омбудсмен институтының жүргізіп жатқан жұмысын көрсететін 8 жаңалық ұсынылды.

БАҚ БОЙЫНША БӨЛУ



- Мемлекеттік дереккөздер
- Электрондық БАҚ
- Ақпарат агенттіктері
- Баспасөз
- Мамандандырылған
- Теледидар


ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР БОЙЫНША БӨЛУ



- Facebook
- You Tube
- Вконтакте
- Instagram
- Telegram


2021 жылы 5322 материал жарияланды, оның ішінде БАҚ-та – 23,06%, әлеуметтік желілерде – 76,94%.

БАҚ БОЙЫНША БӨЛУ




- БАҚ
- Әлеуметтік желілер

БАҚ КӨЗДЕРІНІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛУ



- Электрондық БАҚ
- Ақпарат агенттіктері
- Мемлекеттік дереккөздер
- Баспасөз
- Мамандандырылған
- Теледидар
- Өңірлік дереккөздер
- Радио


ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР БОЙЫНША БӨЛУ



- Facebook
- Вконтакте
- Telegram
- Instagram
- You Tube
- Twitter
- Одноклассники
- Мой Мир


2022 жылы 7689 материал жарияланды, оның ішінде БАҚ-та – 20,74%, әлеуметтік желілерде – 79,26%.

БАҚ БОЙЫНША БӨЛУ




- БАҚ
- Әлеуметтік желілер

БАҚ КӨЗДЕРІНІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛУ



- Электрондық БАҚ
- Мемлекеттік дереккөздер
- Ақпарат агенттіктері
- Баспасөз
- Мамандандырылған
- Теледидар
- БАҚ агрегаторлары
- Өңірлік дереккөздер
- Радио


ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР БОЙЫНША БӨЛУ



- Facebook
- Telegram
- Instagram
- Вконтакте
- You Tube
- Twitter
- Одноклассники


2023 жылы 3854 материал жарияланды, оның ішінде БАҚ-та – 26,5%, әлеуметтік желілерде – 26,5%.

БАҚ БОЙЫНША БӨЛУ




- БАҚ
- Әлеуметтік желілер

БАҚ КӨЗДЕРІНІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛУ



- Ақпарат агенттіктері
- Мемлекеттік көздер
- Электрондық БАҚ
- Мерзімді баспасөз
- Мамандандырылған
- Теледидар
- БАҚ агрегаторлары
- Өңірлік көздер
- Баспасөз
- Радио

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР БОЙЫНША БӨЛУ



- Facebook
- Telegram
- Instagram
- Вконтакте
- You Tube
- Twitter
- Одноклассники

ЖЕТІСТІКТЕР ТАРИХЫ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ТӘРКІЛЕНГЕН АНТИСЕПТИКТЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ

13.05.2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласының соты тәркіленген антисептиктерді кәсіпкерлерге қайтару туралы қаулы шығарды.

Кәсіпкерлерге тиісті хабарламасыз кәсіпкерлік қызметпен айналысты деген айып тағылды. Олардан барлығы 165 бөтелке антисептик тәркіленді.

Алайда, Денсаулық сақтау министрлігінің № 836 бұйрығымен Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесі бекітілді. Кәсіпкерлерден алынған антисептиктер мұндай өнімдерге жатпайды. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің қызметі эпидемиялық маңызы шамалы объектілерге жатпайды, өйткені ол тауарды тасымалдаумен (жеткізумен) байланысты.

Елордалық бизнес-омбудсмен кеңсесінің қолдауымен екі кәсіпкердің құқығы қорғалды және іс жүзінде бұрын-соңды болмаған жағдай қалыптасты. Төтенше жағдай режимі енгізілгеннен бастап, кәсіпкерлерден осындай өтініштер түсе бастады

ҚР ҚПК ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТӘРТІПТІК ІС ҚОЗҒАЛДЫ

29.10.2020 жылы БҚО Кәсіпкерлер палатасына «Уральская нефтехимическая компания» ЖШС-нің басшысы А. В. Дрянин жүгінді. Өз өтінішінде кәсіпкер Тасқала аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің өзінің кәсіпкерлік қызметіне араласуынан қорғауды сұрады.

Кәсіпкер ЖШС-ға қатысты ҚР ҚПК 334-бабының 1-бөлігі (жер қойнауын өз бетінше пайдалану) бойынша басталған сотқа дейінгі тергеп-тексерумен келіспейді, сотқа дейінгі тергеу барысында Тасқала ауданының полиция бөлімі Тасқала ауылында көп отынды жанармай құю станциясын салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге қатысты құжаттарды сұратады.

Кәсіпкерлер палатасының заңгерлері кәсіпкердің дәлелдерін зерделеп, БҚО прокуратурасына тиісті хат жолдады.

Прокуратура бұл хатқа дереу жауап берді.

ҚР ҚІЖК 253-бабына сәйкес, іс жүргізу үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттарды алу үшін қылмыстық қудалау органы мүдделі құжаттарды алу туралы дәлелді қаулы шығаруы қажет. Ал егер құжаттарда заңмен қорғалатын құпия болса, ҚІЖК-нің 254-бабының 1-бөлігіне сәйкес алуды жүргізу туралы қаулыға тергеу судьясы санкция беруі тиіс.

ҚР ҚПК-нің осы талаптарын бұзғаны үшін Тасқала ауданының полиция бөлімінің анықтаушысына қатысты тәртіптік іс қозғалды.

НЕГІЗСІЗ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОСЫМША ТЕРГЕУГЕ ЖІБЕРІЛДІ

03.11.2020 жылы БҚО Кәсіпкерлер палатасына ЖК Равдель М.В. жүгінді. Ол өз өтінішінде сатушының өзіне тиесілі дүкеннен 1 млн. теңгеден астам сомаға тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау фактісі бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде әуре-сарсаңға салу орын алғанын және жүргізіліп жатқан қылмыстық іс негізсіз тоқтатылғанын атап өтті.

Бұл ретте, кәсіпкер сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына бақылау камераларынан ұрлық фактілерін растайтын бейнежазбаларды, ұрлық сомасы туралы сатушының қолхатын ұсынғанына назар аударды.

Соған қарамастан, тергеуші істі тоқтата отырып, әр жолы кәсіпкердің тауарды ресми есепке алмауына сілтеме жасады, ал оның жеңілдетілген режим бойынша жұмыс істейтіні және 1С нысаны бойынша бухгалтерия жүргізуге міндетті емес екендігі туралы дәлелдерін ескермеді.

Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкердің дәлелдерін зерделеп, оның өтініші бойынша БҚО прокуратурасына хат жолдады.

Прокуратура бұл хатқа дереу жауап беріп, Орал қаласының прокурорына іс бойынша сотқа дейінгі тергеу органы қабылдаған шешімнің заңдылығын тексеру туралы тапсырма жіберді.

Нәтижесінде, Орал қаласының прокуратурасы істі қосымша тергеуге жібере отырып, құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сотқа дейінгі тергеу органы қабылдаған шешімнің күшін жойды.

Сондай-ақ, қылмыстық істі тиісінше тергеп-тексермеу фактісі бойынша қала прокуроры Орал қаласы полиция басқармасының кінәлі лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қойып, БҚО полиция департаментіне ұсыныс жолдады.

КӘСІПКЕРГЕ ШАМАМЕН 70 МЛН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

13.11.2020 жылы бизнес-омбудсменнің көмегімен кәсіпкердің құқығы қорғалып, ақшалай қаражат қайтарылды.

Ағымдағы жылдың шілде айында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге Ақтөбе қаласының ірі құрылыс компаниясы «АлтынТасАқтөбе Құрылыс-НС» ЖШС жүгінді.

Ақтөбе қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының әрекетіне қатысты шағым 2018 жылы кәсіпкердің шотынан ақша өндіріп алудан туындады.

Бұл мәселе бойынша қаражатты қайтару туралы сот актісі шығарылды, бірақ оны мемлекеттік органдар орындамады.

ЖШС-нің заңды құқығын қорғай отырып, бизнес-омбудсмен кеңсесі кәсіпкердің қаржысын қайтару мақсатында Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне және Мемлекеттік кірістер комитетіне дәлелді сауалдар жолдады.

Мемлекеттік органдардың жауаптарына сәйкес, ЖШС-тен ақша қаражатын алу туралы инкассалық өкімнің күшін жойылған, алайда қазіргі уақытта бюджеттен қаражатты қайтару туралы заңнамалық тетік жоқ.

ЖШС қаражатын қайтару бойынша атқарушылық іс жүргізуді қозғаған мемлекеттік сот орындаушысы инкассалық өкімдердің жойылғанын, сондықтан қаражатты қайтару туралы сот шешімін орындау мүмкін еместігін атап өтті.

Осыған байланысты, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша бұл мәселе барлық мүдделі тараптардың қатысуымен, оның ішінде прокуратура органдарын тарта отырып қаралды. Нәтижесінде құрылыс компаниясына 69 935 174 теңге көлемінде ақшалай қаражат қайтарылды. Осылайша, кәсіпкердің құқығы қорғалды.

ШАҒЫМ БИЗНЕСТІҢ ПАЙДАСЫНА ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛДЫ

17.11.2020 жылы «CSGKZ (Си Эс Джи КЗ)» ЖШС-нен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің әрекетіне қатысты шағым түсті. Кәсіпкер кедендік заңнаманың бұзылғанын анықтау үшін жүргізілген камералдық кедендік тексеру актісіне шағымдануды сұрады. Кәсіпкерлік субъектісіне 1 494 908 теңге мөлшерінде кедендік баж, салық және өсімпұл негізсіз есептелген.

«CSGKZ» ЖШС ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберінде ҚХР-дан құрылыс материалдарын әкелуді жүзеге асырады. Тауарларға арналған үш декларацияда (ТД) мәлімделген мәліметтерді тексеру кезінде тәуекелдің құндық бейіні іске қосылды.

Осыған байланысты МҚД қосымша құжаттарды талап ете отырып, қосымша тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды.

МҚД жүргізген тексеру нәтижелері бойынша декларацияланатын тауарлар бойынша кедендік құн төмендетілген деп тапқан. МҚД ұйғарымы бойынша ЖШС бағаны түзеткен. Серіктестік барлық сұралған құжаттарды ұсынды. Сондықтан тауарлардың кедендік құны туралы мәлімделген ақпараттың дұрыс немесе бұрыстығын анықтау орынсыз.

МҚД тексеру барысында бірдей тауарлармен жасалған мәміле құны бойынша (2-әдіс) және біртекті тауарлармен жасалған мәміле құны бойынша (3-әдіс) әдістерді қолдану бойынша түбегейлі шаралар қабылданбағанын атап өту қажет. Шешімде МҚД-де бірдей және біртекті тауарлардың параметрлері бойынша мәліметтердің болмауы себебінен бұл әдістер қолданылмағандығы ғана көрсетілген.

Сондай-ақ, тексеру барысында бағалық ақпараттың жоқтығына ешқандай дәлел келтірілмеген және Серіктестікпен консультациялар жүргізілмеген, МҚД қаралатын жағдайда 2 және 3-әдістерді қолданудың мүмкін еместігіне сенімді дәлел келтірілмеген.

Осылайша, МҚД тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану бірізділігі қағидатын бұзды.

Сонымен қатар, 2020 жылдың 27 ақпанынан бастап МҚД тауарларды шығарғаннан кейін кедендік құны түзетілген сол ТД қатысты камералдық кедендік тексеру басталды.

Камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша тексерушілер кедендік төлемдер мен салықтарды есептеуге әсер еткен кедендік құнды анықтау әдісінің дұрыс таңдалмағанын алға тартты, ал Серіктестік МҚД-ның бұрын қабылдаған шешімдері шеңберінде әрекет еткен. Серіктестік тауардың кедендік құнын дұрыс мәлімдемеді деу қисынсыз, оның кінәсі жоқ. Ал анықталған шығындар мен бюджетке түсуі тиіс қаражаттың түспей қалуы Мемлекеттік кірістер департаментінің келісілмеген әрекеттері нәтижесінде пайда болды.

«Атамекен» ҚР ҰКП апелляциялық комиссиясының мүшесі Дина Мамашеваның ұстанымын ескере отырып, 2020 жылы 5 қарашада

өткен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясының отырысы аясында аталған шағымды қарау нәтижелері бойынша көрсетілген шағым «CSGKZ» ЖШС-нің пайдасына шешілді.

САЛЫҚТЫ ҚОСЫМША ЕСЕПТЕУ ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ

19.11.2020 жылы Бизнес-омбудсменнің көмегімен кәсіпкердің құқығы қорғалды және салық органдарының әрекеттері заңсыз деп танылды.

Ағымдағы жылдың мамыр айында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновке Алматы қаласының ірі компаниясы «Global Chemicals Company» ЖШС жүгінді.

Салықтарды заңсыз қосымша есептеу Мемлекеттік кірістер департаментінің іс-әрекеттеріне қатысты шағымды туындатты, МКД-ның пікірінше, компанияның контрагенттермен нақты экономикалық қатынастары болмаған.

Осы мәселе бойынша Алматы қаласында салық салушылардың әрекеттерінің заңсыздығы туралы сот актісі шығарылды, алайда салық органы Жоғарғы сотқа шағымданды.

ЖШС-нің заңды құқықтарын қорғай отырып, Бизнес-омбудсмен Жоғарғы Сот Төрағасына кәсіпкерді жеке қабылдау туралы өтінішпен жүгінді, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер органдарының кассациялық шағымын қанағаттандырмау туралы Жоғарғы Соттың сот алқасына өтінішхатқа толықтыру жолдады.

Жоғарғы сотта қарау қорытындысы бойынша жалпы сомасы 244 млн. теңгеге жуық салықты қосымша есептеу заңсыз деп танылды.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

2021 жылғы 25 қаңтарда әкімдік пен жүйені жеткізуші арасындағы даулы жағдай бизнес пайдасына шешілгеннен кейін елорда тұрғындарын хабардар ету жүйесінің жұмысы қалпына келтірілді.

2020 жылдың басында «АТК» ЖШС Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету орталығы» КММ-нің заңсыз әрекеттеріне қатысты Бизнес-омбудсменге жүгінді. Тараптар бұған дейін құлақтандыру жүйесін құру үшін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан болатын.

Нәтижесінде, бірқатар сот отырыстары мен Бизнес-омбудсменнің араласуы арқасында дау шешілді. Жүйе 2020 жылдың 25 наурызында қайта іске қосылды және оны Нұр-Сұлтан қаласының ТЖД белсенді қолданады. «АТК» компаниясының балансында ішінара тұрған жүйе өзінің тиімділігін дәлелдеді және 2020 жылдың желтоқсанында орталықтың балансына берілді.

2021 жылдың қаңтарында «АТК» ЖШС орталыққа қажетті техникалық құжаттаманы берді, содан кейін Орталық жұмыстарға ақы төледі. Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесі өзінің тиімділігін көрсетті.

КӨКШЕТАУЛЫҚ БИЗНЕСМЕННІҢ АЛТЫ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ПРОБЛЕМАСЫ

29.03.2021 жылы Бизнес-омбудсменнің араласуымен Ақмола облысы шенеуніктерінің адал кәсіпкерге қатысты заңсыз әрекеттері тоқтатылды. Заңсыз қаулылардың күші жойылды, кінәлілер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бизнес-омбудсменнің атына жеке кәсіпкер А. Әлібаевтан өтініш келіп түсті. Ол 2016-2017 жылдары Көкшетауда аукциондарда 14 млн. теңгеге екі жер учаскесін сатып алғанын айтты. Ол өз бизнесін жүргізу үшін ғимарат салмақ болған. Бірақ оның орнына кәсіпкер жергілікті атқарушы органдар тарапынан белсенді кедергіге тап болды. Кәсіпкерге жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттарды жарамсыз деп тану туралы талап арыздар берілді, коммуналдық кәсіпорын тарапынан негізсіз шағымдар келді, құрылыстың басталғаны туралы хабарламаны тізілімнен алып тастау орын алды.

Шенеуніктердің кәсіпкердің меншік құқығын заңсыз деп тану әрекеттері соттарда кедергіге тап болды. Сонымен қатар, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы орталық уәкілетті орган кәсіпкердің құқығы мен заңды мүддесін бұзу фактілерін анықтады. Көкшетау қаласының Сәулет және қала құрылысы бөлімі тарапынан да, Ақмола облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы тарапынан да. Осыған байланысты облыс әкімінің аппаратына кінәлі адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау үшін материалдар жіберілді.

ШЕШІМ КӘСІПКЕРДІҢ ПАЙДАСЫНА ШЫҒАРЫЛДЫ

2021 жылғы 27 сәуірде Ақмола облысындағы бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тарта отырып, «СТ ЖилСтрой» ЖШС проблемасын сәтті шешті.

«Қазақстан құрылысшылар одағы» ЗТРБ Ақмола филиалы «СТ ЖилСтрой» ЖШС салған объектілерді пайдалануға беру актілерін есепке алуға жәрдемдесуді сұрады. Сондай-ақ, Ақмола облысы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының лауазымды тұлғаларына қатысты шаралар қабылдау талап етілді.

ҚР «ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күн оны бекіту күні болып есептеледі. Алайда, МСҚБ салыстыруды жүргізді және 2020 жылғы ақпарат бойынша актілердің 60%-ға жуығы талаптарға сәйкес келмейтін болып шықты.

Бизнес-омбудсменнің араласуынан кейін Құрылыс істері жөніндегі комитет тексеру жүргізді, нәтижесінде заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізілді. Ақмола облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының жұмысында жіберілген бұзушылықтар прокуратураның назарын аударды.

Ұсыныс Ақмола облысының әкімдігіне, сондай-ақ Ақмола облысының Кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесіне жолданды. Нәтижесінде, 2021 жылдың қаңтар айында «СТ ЖилСтрой» ЖШС 420 миллион теңгеге салған нысан пайдалануға берілді.

БҚО-ДА ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

29.04.2021 жылы Орал қаласында кәсіпкерлер палатасының заңгерлері-бизнес-омбудсмен өкілдері жалпы сомасы 180 млн. теңгеге жеке кәсіпкерлердің құқығын қорғады.

БҚО Кәсіпкерлер палатасына жеке кәсіпкерлер А.Т.Киматовтан Е.И.Зотовадан және т.б. ұжымдық өтініш түсті. Олар «Орал қаласының орта білім беру мектептерінде ағымдағы жөндеу және жабдықтарды ауыстырумен мектеп асханаларын сенімгерлік басқару» жобасы бойынша БҚО білім басқармасымен жасалған шартты тіркеу бойынша аумақтық қазынашылық департаментімен туындаған проблемаларға қатысты жүгінді.

Мәселені бірден БҚО бойынша Бизнес-омбудсмен кеңсесі қарады.

БҚО бойынша Қазынашылық департаменті шартта баяндалған оның заңды күшіне ену шарттарымен келіспей, сондай-ақ қосымша келісім жасау мүмкіндігін елемей, жаңа шарт жасасуды талап еткені белгілі болды.

Туындаған жағдайды жедел реттеу мақсатында Бизнес-омбудсменнің кеңсесі Қазынашылық департаментінің алаңында барлық мүдделі тараптардың қатысуымен жұмыс кездесуін ұйымдастырды.

Кездесу қорытындысы бойынша орындалған жөндеу жұмыстарына және мектептерге берілген жабдықтарға қатысты жасалған келісім-шарттар тіркелді және бизнес субъектілеріне жалпы сомасы 180 млн. теңге төлем жасалды.

АТЫРАУДА ШЕНЕУНИК БИЗНЕСКЕ ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕР ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

30.04.2021 жылы ХҚКО мамандарының кінәсінен кәсіпкер екі ай бойы жылжымайтын мүлікті тіркей алмады.

«Шәріпов» шаруа қожалығының басшысы Болат Шәріпов ағымдағы жылдың 19 ақпанында жаңадан салынған жылжымайтын мүлік объектісін тіркеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның Атырау облысы бойынша филиалына жүгінді.

Бұл қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 06 мамырдағы №156 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары негізінде көрсетіледі. Алайда, 22 ақпанда ХҚКО қызметкерлері кәсіпкерге мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартты.

Өз кезегінде шаруа қожалығының басшысы Атырау облысының кәсіпкерлер палатасына шағым түсірді. Сондай-ақ, оның өтінішін кәсіпкерлерді жеке қабылдау барысында облыс прокуроры Халидулла Даешов қарады.

Келіп түскен өтініштің негізінде Өңірлік палата ХҚКО қызметкерлері тарапынан жіберілген бұзушылықтарды көрсете отырып, қадағалау органына хат жолдады. Прокуратура жүргізген тексеру кезінде аталған бұзушылықтар шын мәнінде орын алғаны расталды.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша – облыс прокуратурасы көрсеткен ескертулер жойылды, кәсіпкердің объектісі мемлекеттік тіркеуден өтті, ал «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Атырау облысы бойынша филиалының Қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі басшысының орынбасары тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

8,5 МЛН ТЕҢГЕ СОМАСЫНА БИЗНЕС ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

2021 жылғы 6 мамырда «Mineral Oil Trade» ЖШС Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында «ҚР Қарулы Күштерінің әскерлерді пәтерлерге орналастыру бас басқармасы» РММ талабына қатысты апелляциялық шағымды қарауға жәрдемдесу туралы өтініш жасады.

Бірінші сатыдағы сот «Mineral Oil Trade» ЖШС-нен 8 259 451 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын және 247 784 теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды өндіріп алып, талап қоюды ішінара қанағаттандырды. Алайда, бизнес-омбудсмен мен Кәсіпкерлер палатасы өкілінің араласуының арқасында Алматы қ. МАЭС-тің 18.01.2021 жылғы шешімі жойылды және соттың 22.04.2021 жылғы жаңа қаулысымен талап қоюдың бір бөлігін қанағаттандырудан бас тартылды.

Бизнес-омбудсмен, «Атамекен» ҚР ҰКП және оның өңірлік бөлімшелері арасындағы бұл тиімді өзара іс-қимыл 8 507 235 теңге сомасына бизнестің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз етті.

79 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ СОМАҒА БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

2021 жылғы 14 шілдеде «Global information systems» ЖШС Бас директоры А.В. Фомин «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ («Тапсырыс беруші») арадағы сот талқылауында жәрдем беруді сұрап, БҚО бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының хатшылығына жүгінді. Талап қоюдың мақсаты орындалған жұмыстар актілерін тану және 79 650 355 теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу болды.

ТКШ өткен жылдың тамыз айында тестілеу хаттамасымен расталған техникалық сипаттамаға толық сәйкес келгеніне қарамастан, нәтиже бағдарламасын енгізуден күтілетін нәтижелердің сәйкессіздігіне сілтеме жасай отырып, орындалған жұмыстарды мойындаудан бас тартты.

БҚО бойынша Бизнес-омбудсмен аппаратының хатшылығы сотта бизнес субъектісіне толық заңдық сүйемелдеу ұсынды, іс жүргізу құжаттарын дайындауға және талап қою талаптарын нақтылауға жәрдем көрсетті. Сот талқылауы нәтижесінде БҚО МАЭС-ның 19.05.21 жылғы шешімімен «Global information systems» ЖШС-нің талап-арызы қанағаттандырылды. Орындалған жұмыстар актісі жарамды деп танылды және компания өз қызметтері үшін 79 миллион теңгеден астам қаражат өндіріп алды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНДІРУШІГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ТОҚТАТЫЛДЫ

2021 жылғы 28 шілдеде Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов Бас прокуратураға жүгінгеннен кейін «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС қызметкерлеріне қатысты қылмыстық қудалау қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Бұған дейін «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС Бас директоры мемлекеттік субсидия алғаннан кейін компанияны қылмыстық қудалауға тартқан мемлекеттік органдардың әрекеттеріне шағымданып, Бизнес-омбудсменге жүгінген болатын.

Ақпаратқа сәйкес, ЖШС ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен бірге Алматы облысында инвестициялық жобаны іске асырды. Компанияға 1 302 450 000 теңге көлемінде инвестициялық субсидия төленгеннен кейін, компанияға бюджет ақшасын ұрлады деген айып тағылып, сотқа дейінгі тергеу басталды, тергеу 2020 жылдың қыркүйегінде тоқтатылды.

Жүргізілген аудит 498 900 000 теңге субсидияның негізсіз төленгенін растады және 2021 жылдың сәуір айында «Алматы облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ басшысына қатысты қылмыстық іс қозғалды. Тергеудің тағы бір негізі Ауыл шаруашылығы вице-министрінің негізсіз субсидия беру туралы хаты болды.

Бас прокуратура материалдарды зерделегеннен кейін компания жобаға 10,5 млрд теңге салғанын, оның 1,3 млрд теңгесін мемлекет субсидия ретінде өтегенін анықтады. Ұсынылған құжаттама «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС қызметкерлері тарапынан құқыққа қайшы әрекеттердің жоқтығын растады. Нәтижесінде қылмыстық қудалау тоқтатылды.

БҚО-ДАҒЫ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН КЕҢСЕСІ КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

2021 жылғы 8 қыркүйекте «САТЕЛЛИТ-GROUP» ЖШС директоры Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері тарапынан бұзушылықтарды анықтап, Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасына жүгінді. БҚО бойынша Бизнес-омбудсмен кеңсесінің араласуының арқасында кәсіпкердің құқығы мен мүддесі қорғалды.

«САТЕЛЛИТ-GROUP» ЖШС өзінің барлық міндеттемелерін орындай отырып, 2018 жылдан бастап Батыс Қазақстан облысында құм-қиыршық тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдаланушы болып табылады. Алынған материал облыстың жолдары мен әлеуметтік нысандарын салу үшін пайдаланылады.

2017 жылы ол мемлекеттік орман қорынан жер қойнауын пайдалану үшін жыл сайын «орман билетін» сатып алу керектігін білді. ЖШС билетті үнемі алып отырды, бірақ 2021 жылы төлем алынбады. Бұл факт кәсіпкердің күмәнін тудырды, өйткені оның қызметі орман шаруашылығымен байланысты емес еді, ол бірден Кәсіпкерлер палатасына жүгінді.

Кәсіпкерлер палатасы облыс прокуратурасына жүгініп, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясына тексеру жүргізуді тапсырды. Тексеру нәтижелері Орал мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерін растады және олардың әрекеттері заңсыз деп танылды.

ШЫМКЕНТТЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ ИЕЛЕРІ 1,8 МЛРД ТЕҢГЕ СУБСИДИЯНЫ ҚАЙТАРМАЙТЫН БОЛДЫ

2021 жылғы 4 қазанда Шымкент қаласының ауданаралық экономикалық арнайы соты Ауыл шаруашылығы басқармасының кәсіпкерлерге 1,8 млрд теңге мемлекеттік субсидияларды қайтару туралы талаб-арызын қарауды тоқтатты. Бұған субсидияларды қайтару үшін тартылған мемлекеттік аудиторлардың қорытындысы болды.

Тамыз айында ведомство қаланың 7 ірі шаруа қожалығының басшыларын өнеркәсіптік жылыжай жабдықтарын сатып алу үшін несиеге берілген субсидияларды қайтаруды талап етіп сотқа берді. Кәсіпкерлер Шымкенттің «Атамекен» ҰКП-на және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновке көмек сұрап жүгінді.

Бизнес-омбудсмен кеңсесі Бас прокуратурамен бірлесіп жағдайға талдау жүргізіп, субсидиялаудың әрбір жағдайын зерделеді. Бұзушылықтардың бір бөлігі жойылғаны, құжаттама ретке келтірілгені анықталды. Сондықтан субсидияларды қайтарудың орынсыздығы туралы шешім қабылданды. Бас прокуратура аумақтық прокуратураларға жергілікті атқарушы органдарға бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстарды кері қайтарып алу туралы тапсырмалар енгізді.

ТАҒЫ БІР КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІСІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

2021 жылғы 10 қарашада Бизнес-омбудсменнің араласуының арқасында «Elikti Park» ЖШС-нің проблемасы шешілді, 2020 жылдың желтоқсанынан 2021 жылдың наурызына дейінгі кезеңде Көкшетау қалалық көпсалалы ауруханасының медицина қызметкерлері уақытша кәсіпкерге тиесілі ғимаратта тұрған, бірақ тиісті төлем жасалмаған.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Р.М.Жүрсінов Ақмола облысының әкіміне ахуалды реттеу үшін қажетті шаралар қабылдауды сұрап өтініш жолдады. Нәтижесінде, 25 қазанда аурухананың бас дәрігері Е.Аяғанов еңбек міндеттерін орындамағаны үшін жұмыстан шығарылды.

Сонымен қатар, кәсіпкерге берешекті өтеу үшін 19 400 000 теңге көлемінде бірінші транш бөлінді. Жағдайды шешуде Ақмола облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Е.Мұсылманбек пен оның қызметкерлері консультативтік-құқықтық көмек көрсетіп, мемлекеттік органдармен байланыста бола отырып қолдау көрсетті.

Осылайша, Бизнес-омбудсменнің араласуымен кәсіпкерлік субъектісінің құқығы қорғалды.

МӘСЕЛЕ ШАМАМЕН 4 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ

2021 жылғы 16 қарашада бизнес-омбудсменнің араласуының арқасында «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС-нің проблемасы сәтті шешілді. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС басшылығы Шымкент қ. МАЭС-ның 06.09.2021 жылғы шешіміне шағымдануға жәрдем көрсетуді сұрап жүгінді.

ЖШС-не КТС, өндірілген тауарға, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметке қосымша ҚҚС, өсімпұл, сонымен қатар резидент емес тұлға үшін қосымша ҚҚС есептелген, бұл бизнес-омбудсменге жүгінуге негіз болды. 15.10.2021 және 20.10.2021 жылдардағы бірлескен күш-жігермен апелляциялық шағымға толықтырулар енгізілді.

2021 жылғы 5 қарашада Шымкент қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы МАЭС шешімінің күшін жойып, ЖШС өтініші толық қанағаттандырылды. Осы азаматтық процесс барысында қорғалған сома 3 633 797 012 теңгені құрады.

Бұл сәтті нәтижеге бизнес-омбудсмен аппараты мен «Атамекен» ҚР ҰКП қызметкерлерінің дауды шешу процесіне қатысуы арқасында қол жеткізілді.

ҚҚС ҚАЙТАРУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

2021 жылғы 16 қарашада Шымкенттегі бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі ҚҚС қайтару мәселесінде кәсіпкердің мүддесін сәтті қорғады.

Өңірлік кеңсеге «Шымкентмай-Доня» ЖШС ҚҚС артуының расталған сомасын қайтару мәселесі бойынша көмек көрсету туралы жүгінді. Салықтық тексеру актісінің негізінде салық органы бюджеттен қайтарылуға жататын ҚҚС асып кеткен сомасын растады. Серіктестік салықтық тексеру актісімен расталған ҚҚС қайтару туралы салықтық өтініш берді. Алайда кәсіпкерге ҚҚС бюджеттен қайтарылмаған, бұл кәсіпкердің қаржылық жағдайына теріс әсер еткен.

Бұл мәселені шешу үшін өңірлік кеңсе Шымкент қаласының МҚД-мен бірлесіп, мәселені егжей-тегжейлі пысықтады. Шымкент қаласының МҚД-мен бірлескен жұмыстың нәтижесінде салық органы кәсіпкердің банктік есеп шотына ҚҚС қайтаруды жүргізді.

БҚО-ДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

2022 жылғы 28 ақпанда Батыс Қазақстан облысындағы бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі білім беру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (МЖӘ) ұзақ мерзімді шартын орындау нәтижесінде туындаған күрделі мәселелерді ойдағыдай шешті.

2020 жылы БҚО білім басқармасы мен Орал қаласының білім бөлімі мектеп асханаларын басқару бойынша бірнеше кәсіпкермен 8 жыл 6 ай мерзімге МЖӘ жасады. Шарт жасалғанына қарамастан, оны тіркеуде әкімшілік қиындықтар туындады, бұл бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесінің араласуының арқасында шешілді.

2021 жылы кәсіпкерлер азық-түлік бағасының күрт өсуіне байланысты қиындықтарға тап болды. 2022 жылдың басынан бастап кәсіпкерлер мемлекеттік әріптестердің МЖӘ шарттарын орындамауына, оның ішінде мектептегі тамақтану құнының жыл сайынғы 4%-ға өсуін орындамауына шағым түсірді. Бизнес-омбудсмен кеңсесі жұмыс кездесуін ұйымдастырды, оның барысында заң бұзушылықтарды жою үшін облыс прокуратурасына жүгіну туралы шешім қабылданды.

Нәтижесінде МЖӘ шартына мектептегі тамақтану құнының жыл сайын 4%-ға ұлғаюын көздейтін қосымша келісімге қол қойылды. 4% төлеу туралы дау шешіліп, кәсіпкерлерге 2022 жылғы қаңтарда 4,9 млн. теңгеден астам көлемде мүлтік шығындар өтелді.

Сондай-ақ, білім басқармасы мектептерді сенімгерлік басқаруға беру кәсіпкерлермен МЖӘ шарттарын сақтай отырып, конкурстық негізде жүргізілетінін растады.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН МЕН КӘСІПКЕР АРАСЫНДАҒЫ ЕКІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ДАУ ШЕШІЛДІ

2022 жылғы 4 наурызда Ақмола облысындағы бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі кәсіпкер мен мемлекеттік орган арасындағы жер учаскесін беруге қатысты ұзақ уақытқа созылған дауды ойдағыдай шешті.

2020 жылы пайдалы қазбаларды өндіруге лицензия алған «АТС-Кум» ЖШС-не аудан әкімдігі жер учаскесін беруді келісуден бас тартқан. Бизнес-омбудсмен кеңсесі кәсіпкерге заңды қолдау көрсетті.

Соттың бас тартуына және әкімдіктің келтірген дәлелдеріне (бұл жерде сәйкес келмеушілік бар) қарамастан, екі жылдық сот процесі кәсіпкердің пайдасына аяқталды. Ақмола облыстық сотының шешімі қайта қаралып, кәсіпкерге жер пайдалану құқығы берілді. Жер комиссиясы бұл шешімді қолдап, аудан әкімдігінің қаулысын заңсыз деп тауып, жол берілген бұзушылықтарды түзетуге міндеттеді.

БИЗНЕСКЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТОҚТАТЫЛДЫ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының қызметкерлері «Алпамыс» мектепке дейінгі оқу-тәрбие орталығы ЖШС басшылығына қатысты қылмыстық қудалау мәселесіне байланысты Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына бірнеше рет жазбаша жүгінді, нәтижесінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды. Бюджет қаражатын жымқыру фактісі расталмады.

Бұған дейін ЖШС басшысы бизнес-омбудсменге мемлекеттік органның мектепке дейінгі тәрбиеге мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында бөлінетін бюджет қаражатын ұрлау, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ысырап ету фактісі бойынша қылмыстық процеске тартылғанын айтып, шағымданған болатын. Ата-аналардың айғақтарына негізделген аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша сотқа дейінгі тергеу басталғаннан кейін кәсіпкер қылмыстық қудалау объектісіне айналды.

Іске қатысы жоқ әртүрлі жерлерде заңсыз тінту және құжаттарды алу туралы шағымдар қанағаттандырылды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жоғарыда аталған қылмыстық істі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтату туралы шешім қабылдады, Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы бұл шешіммен келісті.

Осылайша, уәкілдің аппараты 2022 жылғы наурызда бизнеске қатысты тағы бір қылмыстық істің тоқтатылуына қол жеткізді.

БҚО-ДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН ЖАЛҒА БЕРУ ШАРТТАРЫН ҰЗARTU ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

2022 жылдың 4 мамырында дер кезінде араласу және құқықтық түсініктеме беру арқылы БҚО Тасқала ауданының шағын бизнес субъектілері тобының заңды құқығы бұзылуының алдын алу мүмкін болды.

Бизнес субъектілері өздерінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу шартын жаңа мерзімге жасасу (ұзарту) құқығын пайдаланды. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және бизнес субъектілерін қорғауға бағытталған алдын алу жұмыстары ҚР кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің БҚО бойынша Өңірлік кеңсесі мен прокуратура органдарының бірлескен жұмысындағы басымдық болып табылады.

Осылайша, ауыл кәсіпкерлерінен келіп түскен өтініштерден кейін БҚО бойынша Бизнес-омбудсмен хатшылығы аудандық прокуратураның белсенді қолдауымен жер құқықтық қатынастары мәселелері бойынша ЖАО-мен өзара қарым-қатынас нәтижесінде туындаған Тасқала ауданының бірқатар кәсіпкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша жұмыс жүргізді.

ЖАО-мен белгісіз мерзімге жалдау шартын жасасқан кәсіпкерлердің өтініштерін қарау барысында олардың жаңа мерзімге шарт жасасуға басым құқығы бар екендігі анықталды. Алайда, құжаттарда көрсетілген шарттың нақты аяқталу күнінің болмауы кәсіпкерлерді адастырды.

Тасқала ауданының прокуратурасы тексергеннен кейін нақты күні көрсетілмеген тағы 60 шарттабылды, бұл басқа кәсіпкерлердің құқығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Қиындыққа тап болған кәсіпкердің жалға алу шартының мерзімі ұзартылды және 60 бизнес субъектісіне жалға алу шарттарының нақты мерзімі аяқталған күнді көрсете отырып хаттар жіберілді.

Ауыл кәсіпкерлері көрсеткен көмек мен қорғағаны үшін алғыстарын білдірді. Бизнес-омбудсменнің Өңірлік кеңсесінің жұмысы облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі прокуратура органдарымен тиімді өзара қарым-қатынасқа негізделеді.

«БОЛАТ ЛТД» ЖШС МЕН «БАЗАРЛАРДЫ БАСҚАРУ» ЖШС АРАСЫНДАҒЫ ДАУ ШЕШІЛДІ

2022 жылғы 18 мамырда «Болат ЛТД» ЖШС-нің «Базарларды басқару» ЖШС тарапынан фьючерстік келісімшарт бойынша айыппұл салу проблемасына қатысты мәселесі шешімін тапты. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Базарларды басқару» ЖШС-нің талап-арызын қанағаттандырудан толық көлемде бас тартты.

Кәсіпкер омбудсменмен кездесуде фермер азық-түлік картобын жеткізу келісімшарты бойынша барлық міндеттемелерді орындадым деп мәлімдеді, бірақ қабылдау кезінде тауарлардың бір бөлігі жарамсыз деп танылды. «Базарларды басқару» ЖШС тұрақсыздық айыбы мен сот шығындарын өндіріп алу туралы талап қойды. Екі жылдық келіссөздерден және «Базарларды басқару» басшылығының келісімі болмағаннан кейін Бизнес-омбудсмен «Болат ЛТД» ЖШС-ні қолдау мақсатында Ақтөбе облыстық сотына хат жолдады.

«Базарларды басқару» ЖШС-нің іс-әрекеттері Қазақстан Президентінің пандемия және шектеу іс-шаралары жағдайында бизнесті қолдау туралы тапсырмаларына қайшы келді. Сот «Базарларды басқару» ЖШС-нің талаптарын толық көлемде қабылдамай, «Болат ЛТД» ЖШС-н қолдады.

«HELIOS SOFT» ЖШС ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТОҚТАТЫЛДЫ

2022 жылғы 30 мамырда Бизнес-омбудсменнің қолдауының арқасында «Helios Soft» ЖШС-не қатысты қылмыстық істі сәтті тоқтатуға қол жеткізілді. Серіктестік мемлекеттік сатып алу шеңберінде «Ақмола облысы Білім басқармасының Қаржы-ақпараттандыру орталығы» КММ-мен «Фаворит» Әкімшілік-шаруашылық қызметті есептеу мен жоспарлаудың бұлттық ақпараттық жүйесі» сервисіне қосу қызметін (бағдарламалық қамтамасыз етуді) ұсыну туралы шарт жасасты.

Экономикалық тергеу департаментінің алдын ала қорытындысы бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуде техникалық ерекшелікте көзделген 797 білім беру мекемесінің орнына бір ғана Тапсырыс беруші ұйым жұмыс істегені байқалды. Қылмыстық іс туындады, бірақ Бизнес-омбудсменнің

көмегімен шарттың барлық талаптары орындалғаны анықталды. Барлық 797 білім беру мекемелері толық қосылған, ал «Helios Soft» ЖШС алған қаражат тиісті түрде пайдаланған.

Сотқа дейінгі тергеу қорытындылары бойынша Экономикалық тергеу департаментінің тергеушісі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарды, оны прокуратура бекітті.

ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫ «МАРЕВЕН ФУД ТЯНЬ-ШАНЬ» ПАЙДАСЫНА ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ

2022 жылғы 16 маусымда кассациялық инстанцияның Жоғарғы сотының алқасы «Маревен Фуд Тянь-Шань» компаниясына төленген субсидияларды заңды деп таныды. Екі жыл ішінде компания субсидияларды заңсыз алу туралы екі рет қылмыстық тергеуге алынды. 2021 жылы Бас прокуратураға жүгінгеннен кейін екі қылмыстық іс те қылмыстық бұзушылықтардың болмауына байланысты тоқтатылды.

2021 жылдың қыркүйегінде Алматы облысының прокуроры 498,9 млн теңге көлемінде негізсіз төленген субсидияны өндіріп алу туралы талап арыз берді. Қылмыстық істер тоқтатылғанына қарамастан, сот компанияның мүлкін тәркіледі және оның басшысына шетелге шығуға тыйым салды.

Бизнес-омбудсмен сот шешімінің орындалуын тоқтата тұру туралы өтініш берді, ал «Атамекен» ҚР ҰКП өкілдері сот процесінде үшінші тарап рөлін атқарды. Нәтижесінде, 2022 жылдың 14 маусымында Жоғарғы Соттың кассациялық алқасы өтінішті толығымен қанағаттандырды, ол төленген субсидиялардың заңдылығын мойындады.

«ПАЩЕНКО» ЖК-ГЕ ҚАТЫСТЫ ІС ЖҮРГІЗУ ТОҚТАТЫЛДЫ

2022 жылғы 20 маусымда ШҚО Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты Е.В. Пашенко ЖК қатысты іс жүргізуді тоқтатты. МСҚБ дүңгіршекті пайдалануға беру актісінің жоқтығы туралы кәсіпкерге қатысты тергеуді бастағаннан кейін проблемалар туындады. Алайда, дүңгіршекті орнату жер қатынастары бөлімімен келісіліп, сәулет эскизін қаланың бас сәулетшісі растаған болатын.

Бизнес-омбудсмен Рустам Жүрсінов МСҚБ іс-әрекетінің заңдылығын тексеруді сұрады және кәсіпкерлер палатасына жағдайды бақылауды тапсырды. Ол облыс прокуратурасына МСҚБ нұсқамасының күшін жою және істі тоқтатуды сұрап жүгінді, нәтижесінде прокуратура өтінішхатты қолдап, наразылық білдірді.

Сот отырысында қала прокуроры да наразылықты қолдап, қаулының күшін жоюды сұрады. Сот уәкілетті орган дүңгіршек салудың нақты дәлелдерін ұсынбады деп есептеді, өйткені тексеру жүргізілмеді және іс бойынша

іс жүргізуді тоқтатты. Бас Құрылыс мемлекеттік инспекторының ЖК Пашенконы әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулысы жойылды, ал іс бойынша іс жүргізу Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

АСТЫҚТЫ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША МӘМІЛЕ ЗАҢДЫ ДЕП ТАНЫЛДЫ

2022 жылғы 11 шілдеде БҚО Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты «АгроТраст» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-не 23 млн. теңге қосымша есептеу бөлігіндегі МҚД хабарламасын заңсыз деп таныды және күшін жойды.

Бизнес-омбудсмен мен БҚО Кәсіпкерлер Палатасы «АгроТраст» ЖШС-нің құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін жағдайға белсенді араласты. Жақында салық органдары кәсіпкерлер арасындағы жасалған мәмілелерге күмән келтіре бастады, бұл көбінесе салықты қосымша есептеуге әкелді.

«АгроТраст ЖШС осындай жағдайға тап болды, онда МҚД бастапқы құжаттар мен айыптау дәлелдемелерін тексеруді жүргізбестен жеткізуші – «Maskar Group» ЖШС-мен мәмілені нақты жүзеге асырудағы күмән негізінде оларға 23 млн теңгеден астам соманы қосымша есептеді.

Сот процесі барысында кәсіпкер «Maskar Group» компаниясымен мәміле жүргізілгенін растайтын электрондық құжаттар мен бастапқы құжаттарды ұсынды.

Нәтижесінде, БҚО МАЭС 11.07.2022 жылғы шешімімен жоғарыда көрсетілген сомаларды қоса есептеу бөлігінде МҚД хабарламасын заңсыз деп таныды және күшін жойды. Осылайша, сотта бизнес субъектілері арасындағы азаматтық-құқықтық мәміле заңды деп танылды.

«SEMEY MALL» ЖШС ПРОБЛЕМАЛАРЫ БІР АЙДЫҢ ІШІНДЕ ШЕШІЛДІ

2022 жылғы 12 шілдеде Қазақстанның бизнес-омбудсменінің, ШҚО Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің және прокуратура органдарының араласуының арқасында «Semey Mall» ЖШС проблемалары бір айдың ішінде шешілді.

Семейлік кәсіпорын «Semey Mall» ЖШС екі жыл бойы жер учаскесіне жер пайдалану құқығын ала алмаған және жергілікті атқарушы орган тегін беруге уәде еткен жоғары вольтты желі төсеуге 500 млн теңге жұмсады. Сонымен қатар, жылумен жабдықтау жүйесіне қосылуға техникалық шарттарды ұзарту үшін біршама күш жұмсауға тура келді.

Бизнес-омбудсменнің Семейдегі кәсіпкерлермен кездесуі барысында «Semey Mall» ЖШС өкілі «Теплокоммунэнерго» МКК тарапынан техникалық шарттарды ұзартудан заңсыз бас тарту мәселесі бойынша бизнес-омбудсменге жүгінді. Қазіргі уақытта серіктестік «Semey Mall»

сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыруда. Құрылыс мемлекеттік қолдау шараларын пайдаланбай, жеке инвестициялар есебінен жүргізіліп жатыр. Жоғары вольтты желіні өз күштерімен төсегеннен кейін және жылумен жабдықтау жүйесіне қосылудың техникалық шарттарын ұзартудан бас тартқаннан кейін сауда орталығының құрылысы тоқтатылды.

2022 жылдың 2 маусымында ШҚО Кәсіпкерлер палатасының филиалы Семей қаласының прокуратурасына «Теплокоммунэнерго» МКК іс-әрекетінің заңдылығын тексеруді сұрап хат жолдады. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ШҚО бойынша департаментінің жауабы техникалық шарттар әзірленгенін және «Semey Mall» ЖШС оларды алу үшін жүгінуге тиіс екенін көрсетті.

Бірақ кәсіпорынның проблемасы бұл ғана емес, оның басқаруында «Семей цемент зауыты» өндірістік компаниясы бар. Белгілі болғандай, ЖШС екі жыл бойы «Бабеновское» кен орнының жер учаскесіне жер пайдалану құқығын ресімдей алмай келеді, өндіруге арналған келісімшарт және барлық қажетті құжаттар бола тұра әкімдік жер беру туралы қаулы шығарған жоқ. Бизнес-омбудсменнің араласуынан және жергілікті органдармен ашық талқылаудан кейін талап алынып тасталды және мәселе сотқа дейінгі жолмен шешілді.

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН АРАЛАСҚАННАН KEЙІН СЕМЕЙДЕГІ KEЙБІР БИЗНЕС СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЕКСЕРУЛЕР ТОҚТАТЫЛДЫ

2022 жылғы 12 шілдеде «Семей құрылыс материалдары» ЖШС өкілі мамыр айында Қазақстанның бизнес-омбудсменімен кездесуде көтерген проблемалық мәселе өз шешімін тапты. Осы кәсіпорын ғана емес, Семей бизнесінің барлық басқа субъектілері де ТЖ органдары тарапынан бомбадан қорғану нысанын күтіп ұстауға қатысты негізсіз тексерулерден құтылды.

Мәселенің мәні мынада: ТЖ органдары кәсіпкерлерден өз аумақтарында бомба баспаналарын жабдықтауды талап етті және талаптарды орындамаған жағдайда азаматтық қорғаныс туралы Заңға сәйкес айыппұл салды. Кәсіпкерлер бизнес-омбудсменге оларды азаматтық қорғаныс үшін жауапкершіліктен босату туралы өтініш білдіргеннен кейін, осы мәселені тексеруге және қарауға бастамашылық жасау туралы шешім қабылданды.

«Семей құрылыс материалдары» ЖШС өкілі мәселені жазбаша түрде егжей-тегжейлі баяндап, «Атамекен» ҰҚП-ның Абай облысындағы өкілдігіне өтініш жолдады. Бомбадан қорғану нысаны бар кәсіпорындардың тізімдері жасалып, мемлекеттік органның іс-қимылдарының заңдылығы туралы мәселе бойынша Төтенше жағдайлар басқармасына ресми хат жолданды.

Мәселе өткен ғасырда Семей ядролық полигонында сынақтар жүргізілген кезде мемлекет саясатының нәтижесінде туындады. Енді полигон

жабылғандықтан, ғимараттарды бомбадан қорғайтын нысандар қалды және мемлекет қандай да бір себептермен өзінің бұрынғы шешімдері үшін жауапкершілікті бизнеске ауыстыру туралы шешім қабылдады.

Өтініш қаралғаннан кейін Семей қаласының прокуратурасында бомбадан қорғану нысандары тексеріліп, бизнесті қорғау шеңберінде Төтенше жағдайлар басқармасының іс-әрекеттеріне қойылған талаптардың заңдылығы тұрғысынан тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша кәсіпкерлерге қатысты тексерулерді тоқтату туралы ұсыныс ұсынылды.

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТАРИФТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ БИЗНЕСТІҢ ПАЙДАСЫНА ШЕШІЛДІ

Экологиялық заңнама талаптарына қарамастан, Семейде қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) сұрыптауға және сақтауға арналған тарифтер соңғы 7 жылда өзгерген жоқ. Бұл мәселе Бизнес-омбудсмен мен «Атамекен» өкілдері іске кіріскенше шешілмеген күйінде қалған.

ҚР кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновтың Абай облысының бизнес-қоғамдастығымен кездесуі аясында 16 проблемалық мәселе анықталды. Кәсіпкерлердің бірі депутаттар мен жергілікті атқарушы органға бірнеше рет жүгінгеніне қарамастан, оның қызметтеріне тарифтер 7 жыл ішінде өзгермегенін айтты.

Әкімдіктің ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын орындамауы осы саладағы кәсіпкерлердің жұмысына кері әсерін тигізіп, қала тұрғындарының наразылығын тудырды. 2021 жылдың қазан айында тарифтерді қайта қарау міндеттемесімен медиативтік келісім жасалды, бірақ жеті айдан кейін келісім шарттары орындалмады. Кәсіпкер Бизнес-омбудсмен мен «Атамекеннен» көмек сұрады.

Осыдан кейін ғана мәселе кәсіпкердің пайдасына шешілді. Семей қаласы мәслихатының сессиясында кәсіпкерлерге қайтадан шығынсыз жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жаңа барабар тарифтер бекітілді.

«ҚАЙНАР-АКБ» ЖШС ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТОҚТАТЫЛДЫ

2022 жылғы 21 қыркүйекте 1250-ден астам адам жұмыс істейтін «Қайнар-АКБ» ЖШС аккумулятор зауытында туындаған проблема Бизнес-омбудсменнің араласуынан кейін сәтті шешілді.

Талдықорған қаласында кәсіпкерлерді жеке қабылдау барысында «Қайнар-АКБ» ЖШС өкілдері 01.01.2017 ж. бастап 31.12.2021 ж. дейінгі кезеңде қалдықтар мен аккумуляторлық батареялардың сынықтарын жеткізгені үшін жеке кәсіпкерлермен өзара есеп айырысуға қатысты Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің жоспардан тыс тексеруі және қылмыстық іс қозғауы жөнінде Бизнес-омбудсменге жүгінді.

Облыс прокуратурасы іс материалдарына талдау жүргізе отырып, жеке кәсіпкерлердің іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің жоқтығын анықтады, бұл «Қайнар-АКБ» ЖШС-нің кейіннен қайта өңдеу үшін пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды сатып алу үшін олармен ынтымақтастығының заңдылығын растады.

Қылмыстық іс тоқтатылып, облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне алынған құжаттар мен заттарды қайтару тапсырылды. Бизнес-омбудсмен компания мен оның контрагенттерінің мүдделерін заңсыз айыптаулардан сәтті қорғай алды.

19 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ СОМАҒА «ENKI» ЖШС ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновтың Ақмола облысына сапары барысында «ENKI» ЖШС «ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ-мен дауды шешуге жәрдемдесу туралы өтініш жасады. РММ кәсіпорын кірпіш бағасын нарықтың басқа қатысушыларымен заңсыз келісіп, баға келісімін ұйымдастырды деп мәлімдеді.

Бизнес-омбудсмен бақылауды өз мойнына алып, мәселені жан-жақты қарауды тапсырды. Сарапшылар сот және өндірістік практикаға, бәсекелестікті қорғау жөніндегі заңнамаға және жиналған фактілерге талдау жүргізді. Қорытындылар РММ өз дәлелдерін қате түсіндіретінін көрсетті. ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің орталық аппаратының департаменті РММ дәлелдерімен 2022 жылдың наурыз айында келіспейтінін білдірген болатын.

Анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі 2022 жылғы шілдеде осы мәселені Бизнесі қорғау жөніндегі форумға шығарды. Форумға қатысушылардың пікірталастары мен күмәндерінен кейін Ақмола облысы бойынша РММ директорына «ENKI» кәсіпорнымен бірлесіп мәселені қайта қарау және реттеу үшін шаралар қабылдау тапсырылды.

Нәтижесінде сот әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты «ENKI»-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. Бәсекелестік саласындағы заңнаманы бұзу фактілері расталған жоқ. Кәсіпкерге бұзылған құқықтар үшін өтемақы ретінде 19 млн теңгеден астам сома қайтарылды.

ШЫМКЕНТ ПРОКУРАТУРАСЫ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ТАРАПЫНАН БИЗНЕСКЕ ҚАТЫСТЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАДЫ

2023 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновтың Шымкент қаласындағы кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы өтінішін прокурорлар қарады. Прокурорлар 70-ке жуық кәсіпкерге қатысты мемлекеттік кірістер органдарының бірнеше бұзушылықтарын анықтады.

Кәсіпкерлер қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін 1 000 АЕК-тен (3 063 000 теңгеге дейін) аспайтын сомамен әрбір мәмілеге күмән келтірген салық органдарының әрекеттерімен келіспеді. Кәсіпкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартқан әрбір жағдайда қызметтік тергеу жүргізуге сұрау салу мәлімделді.

Прокурорлар мемлекеттік кірістер органдары ескіру мерзімі өткен 91 салық төлеушіні әкімшілік жауапкершілікке заңсыз тартқанын анықтады. Осыған байланысты әкімшілік қаулылар айыппұлдарды азайтуды және толық тоқтатуды қоса алғанда, өзгертілуге жатады. Бұдан басқа, іс жүргізу нормаларын елеулі түрде бұзудың 28 жағдайы анықталды, бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулылардың тоқтатылуына әкеп соғады.

Прокуратура анықталған фактілер бойынша прокурорлық қадағалау актілерін енгізді.

268.4 МЛН ТЕҢГЕГЕ БИЗНЕСТІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Бизнес-омбудсменнің БҚО-дағы өңірлік кеңсесі салық органдарының бизнеске қатысты заңсыз іс-әрекет жасағанын анықтады. «Белес-Агро» ЖШС басшысы БҚО Бәйтерек ауданы бойынша МКБ-ның мәмілелердің жарамсыздығы туралы талаптарына байланысты Кәсіпкерлер палатасынан көмек сұрады.

Мемлекеттік кірістер басқармасы бидайды сату бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қойды. Сарапшылар компанияда бастапқы құжаттардың бар екендігін растады, бірақ МКБ оларды есепке алудан бас тартты. Сонымен қатар, басқа контрагентпен мәмілелер бойынша талап қою мерзімі өтіп кеткен.

Бизнес-омбудсменнің өңірлік кеңсесі сотта толық құқықтық қолдау көрсетті, қажетті құжаттарды дайындауға және сотта сөз сөйлеуге көмектесті. Нәтижесінде сот 268.4 млн теңге сомасына компанияның мүлктік құқықтарын қорғап, МКБ талаптарын қанағаттандырмады.

Сондай-ақ, 182 млн теңгеден астам сомаға мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы БҚО Теректі ауданы бойынша МКБ талап арызын қанағаттандырудан бас тартылған «ПоймаМайКомбинаты» ЖШС өтініші бойынша табысты жұмыс жүргізілді.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ТОҚТАТЫЛДЫ!

24.01.2023 жылы Шымкент қаласының прокуратурасы «БоТа-Түркістан» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне қатысты қылмыстық қудалауды қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатты.

«Атамекен» ҚР ҰКП-на және Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге адвокат Б.Т. Асқаров Қоғамның мүддесі үшін жүгінді, ол Шымкент қаласының Экономикалық тергеу департаменті мен прокуратурасы тарапынан заңсыз қылмыстық қудалаудан қорғауға жәрдемдесуді өтінді.

Белгілі болғандай, 26.08.2022 ж. ЭТД тергеушісі Шымкент қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-нің (бұдан әрі-ЖҚӘҚБ) және Қоғамның басшыларына қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізген. «ЭКСПЕРТ АУДИТ KZ» ЖШС тәуелсіз аудиторының 03.08.2022 ж. аудиторлық қорытындысы бұған негіз болды.

Өтініш беруші аудиторлық тексеру ЖҚӘҚБ және Қоғам өкілдерінің қатысуынсыз жүргізілгенін, ол бойынша қорытынды Қоғам орындаған жұмыстар актілерінің көшірмесі және азаматтардың өтініштерінің негізінде жасалғанын атап өтті. Бас прокуратурамен бірлескен жұмыс нәтижесінде қылмыстық қудалау тоқтатылды.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ

2023 жылғы 21 қыркүйекте ҚР кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновпен кездесу барысында Павлодар облысында алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатуға лицензиясы бар Павлодар қаласының 9 жеке кәсіпкері жүгінді. Қаладағы мемлекеттік кірістер басқармасы оларға лицензиялар үшін ақы есептеді, қорытынды сома 7 миллион теңгеден асты.

Кәсіпкерлер есептелген сомалар барлық лицензияларды жабады деп сенді және оларды 2020-2021 жылдарға бюджетке төледі. Алайда, Департамент төлемдерді дұрыс есептеу үшін уақтылы ақпарат бермеді, бұл мәжбүрлеп өндіріп алу шараларына әкелді.

Есептелген төлемдермен және өсімпұлдармен келіспеген жеке кәсіпкерлер сотқа жүгінді, олар Мемлекеттік кірістер басқармасы мен Департаментінің әрекеттерін заңсыз деп тану туралы әкімшілік талап-арыз түсірді, өйткені бір ғана лицензия берілген және лицензия әрекет ететін уақытта бір лицензия үшін ақы алынып келген еді. ҚР Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Павлодар қаласының мемлекеттік кірістер органының жеке кәсіпкердің әрбір объектісі үшін төлемақыны есептеу жөніндегі әрекеттерін заңсыз деп таныды.

КӘСІПКЕР СОТТА ӨЗІН АҚТАП АЛДЫ

Абай облысының облыстық сотында өңір прокуратурасы инвесторды қолдап, Абай облысының Жер ресурстарын басқару департаменті, «Елім-ай Көкпекті» ЖШС және Көкпекті ауданының әкімдігі арасындағы дауды шешуге көмектесті.

Қыркүйек айының басында Бизнес-омбудсменге «Елім-ай Көкпекті» ЖШС жүгінді, ол өзіне тиесілі жер учаскесін алып қоймақ болған Жер ресурстарын басқару департаментінің әрекетіне қатысты шағымданған болатын, әкімдіктің заңсыз жалдау шарттары мен шешімдеріне сілтеме жасай отырып, жер учаскесін алып қоюға тырысқан. Алайда, Абай облысының МАЭС 2023 жылғы 1 тамыздағы шешімімен Департаменттің талаптарын қанағаттандырудан бас тартты.

«Елім-ай Көкпекті» ЖШС 2012 жылдан бастап инвестициялық жобалармен айналысады және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен қаржылық келісімі бар. Департамент жеткілікті негізсіз талап қойды, өйткені 2015-2021 жылдар аралығында жер учаскелерін беруді реттейтін заң болған жоқ.

Осылайша, сот талап қою үшін негіздердің жоқтығын мойындады және кәсіпкерлер өз қызметін жалғастыра алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бизнес-омбудсмен институтының билік өкілеттігі жоқ; оның өтініштері мен өтінішхаттары ұсынымдар сипатында болады. Кәсіпкерлерді қолдау үшін уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынастың тетіктері қолданылады. Мұнда басты рөлді сындарлы диалог құру, серіктестік қатынастар орнату, сондай-ақ қолайлы бизнес-климатты құру мен дамытуда жан-жақты қолдау көрсету атқарады.